2. Температуралық жағдайдың диатомиттің жақсы эффектісін кері қаратуы.
3. Диатомиттің ішіндегі өсімдікке әсер ететін активті заттары бір қалыпты орналаспауы.

Осы эксперименттерге Мұғалжар диатомиті (сұр-әлсіз цементтелетін немесе сусымалы) пайдаланылды. Диатомит қарапайым ұнтақ түріндегі топыраққа қосылады.

### *Дәндерді себу*

Егу кезеңі өскіндердің өсуі мен дамуы үшін маңызды фактор болып табылады. Сондықтан, себу жүйесін эксперименттерге мынадай себу жүйесі қолданылды:

- 1.Топырақты толық қопсыту.
- 2.Төсемелерге бөлу.
- 3.Тұқым топырақтың 10 см тереңдікте бір данадан отырғызылды.
- 4.Әрбір төсемелерге диатомиттің 300 граммын қосу.
- 5.Топырақ үстін толығымен жабу.

Бұл тәжірибелерде өсіру үшін жүгері және күнбағыс дәндері пайдаланылды (сурет 5, кесте 1). Диатомиттің суспензиясы тұқымдардың праймингіне, ал егіс жағдайында тыңайтқыш ретінде оның астарлайтын ұнтақтары пайдаланылды. Таза судағы диатомиттің суспензиясы тұқымдарды праймингтеу үшін, сондай-ақ оның фосфатты буфердегі комбинациясы пайдаланылды.

Осы эксперименттерде негізінен фосфатты буферлік ерітінділердің рН 6,0 ( $\text{Na}_2\text{HPO}_4 + \text{KH}_2\text{PO}_4$ )  $\text{H}_2\text{O}$ -дағы түрлі варианттары праймингі, және сонымен бірге осы ерітінділерге диатомитті қосу арқылы (400 мл ерітінді + 800 г ДТМ) зерттелді. Тұқымдардың праймингі суықта (3-5°C) 24-26 сағат өткізілді. Содан кейін тұқымдар бір күн бойы бөлме температурасында кептірілген болды. Нәтижесінде тұқым тікелей себу үшін пайдаланылады. Тұқымдарды себуді 2016-жылдың 5-ші тамызында Назарбаев Университетінің Технопарк сайтында 16 шаршы метр аймаққа өткіздік. Келесі 15 күннен кейін өсімдіктердің өскіндерін суару өткізілді [43,44].

Барлық тұқымдар алдын ала түрлі өңдеуден кейін 38 данадан жеке 5-10 см орташа қашықтықта топыраққа отырғызылды .

Кесте 1. Өсімдіктердің түрі мен прайминг бойынша дәндерді себу кезеңдері

№	Өсімдік түрі	Ұнтақ ДТМ	Прайминг Ерітіндісі	Қатарларға себілген дәндердің саны
1	2	3	4	5
1	Күнбағыс	-	Құрғақ дәндер	38
2	Күнбағыс	-	$\text{H}_2\text{O}$	38
3	Күнбағыс	-	ФБ	38
4	Күнбағыс	-	$\text{H}_2\text{O} + \text{ДТМ}$	38
5	Күнбағыс	-	Ф.Б+ДТМ	38
6	Күнбағыс	+	$\text{H}_2\text{O} + \text{ДТМ}$	38
7	Күнбағыс	+	Ф.Б+ДТМ	38
8	Жүгері	-	Құрғақ дәндер	38

1	2	3	4	5
9	Жүгері	-	H <sub>2</sub> O	38
10	Жүгері	-	Ф.Б	38
11	Жүгері	-	H <sub>2</sub> O+ДТМ	38
12	Жүгері	-	Ф.Б+ДТМ	38
13	Жүгері	+	H <sub>2</sub> O+ДТМ	38
14	Жүгері	+	Ф.Б+ДТМ	38

### Қорытынды:

1. Өнудің тұздану тұрақтылығын арттыру үшін көп үміт күттіретін әдістердің бірі себер алдында тұқымдарды праймингтеу болып табылады. Прайминг дегеніміз – себілетін құрғақ дәндерді әбден қанғанша (немесе ылғалданғанша) суда немесе басқа заттардың судағы ерітіндісінде ұстау. Содан кейін оларды толығымен кептіру. Осы әрекеттерден кейін ғана тұқымдар топыраққа егіледі. Праймингтен өткен дәндердің өну пайызы және өсу қарқыны жоғары, және олар біркелкі болып дамиды.

Біз тәжірибелерімізде себер алдында өсімдік тұқымдарын праймингтеу арқылы қажет элементтердің – нитрат, фосфат және молибдат ерітінділерімен қанықтырдық. Сонымен қатар, тұқымның өнуін тежейтін NaCl-дың ерітіндісінде де праймингті жүргіздік – ол мүмкін дәндерді алдын-ала тұзға төзімділікке «шынықтырып-үйрету» болып табылады. Сондықтан, тұқым себер алдында осы биологиялық маңызды элементтердің тұздарының ерітінділерінде және олардың диатомит суспензиясымен ұштастырып прайминг жасағанда олардың өну пайызы күрт көтерілді, өскіндердің өсу қарқыны күшейді және ең бастысы – дәндердің өну үрдісі тұзға төзімді болып шықты. Сонымен қатар, өсімдіктердің тамырларындағы антиоксиданттардың мөлшерінің артатыны көрсетілді.

Өсімдіктердің өсуі мен дамуына дәндерді праймингтеудің әсері өсімдіктердің түріне байланысты болды. Мысалы, күнбағыс дәндерін суда праймингтеу оның дәндерінің өнуіне және өскіндерінің өсуіне әсер етпеді. Ал, жүгері дәндерін себер алдында праймингтегенде оның дәндерінің өну пайызы 31%-ға және өскіндерінің биомассасы 36%-ға өсті. Жүгері дәндерін фосфат ерітіндісінде праймингтегенде осы параметрлерге оның әсері аз болды және, керісінше, күнбағыста ол параметрлер өздеріне сәйкес 32%-ға және 49%-ға жоғарылады.

Диатомиттің әсері прайминг жасалатын ерітінді мен өсімдіктің түріне байланысты болды. Диатомиттің қатысуымен жүргізілген фосфат буферіндегі рН 6.0 (NaHPO<sub>4</sub>+KH<sub>2</sub>PO<sub>4</sub>) прайминг, сонымен қатар, тұқымдарды праймингтен кейін құрамында диатомит

бар топыраққа өндіру жақсы нәтижелер берді – күнбағыстың өнуі 66%-ға, жүгерінікі 74%-ға, ал осы биомассалары өсімдіктерге сәйкес 43,2% және 17,0%-ға өсті.

Сонымен, себер алдында дәндерді праймингтеу өте арзан және экологиялық таза технология болып табылады. Ал, осы технологияны зертхана немесе егіс жағдайларында диатомитпен ұштастыру болашақта үлкен үміт күттіреді.

2. Антиоксиданттардың мөлшерінің диатомиттің әсерімен жоғарылауы тұздың әсерінен туындайтын тотығу стресіне төзімділікті артуын көрсетеді. Диатомиттің өзінің құрамында суда немесе майда еритін антиоксиданттар болмағандықтан, диатомит өсімдіктердегі антиоксиданттардың синтезінің күшеюінің индукторы болып табылады.

Сонымен қатар, құрғақшылық жағдайында топыраққа диатомит бергенде арпа мен бидай өскіндерінің тамырларында және арпа күрт антиоксиданттардың жалпы мөлшері артатыны да анықталды. Арнайы тәжірибелер диатомиттің құрамында антиоксиданттардың болмайтынын көрсетті. Сондықтан, ол құрғақшылық жағдайында диатомит бидай мен арпаның өскіндерінің тамырларында антиоксиданттардың синтезін арттырады деп болжауға болады.

3. Диатомиттің арпа (*Hordeum vulgare*) мен бидайдың (*Triticum aestivum*) өскіндеріне тигізетін әсерін зерттеу бойынша жүргізілген тәжірибелеріміз диатомиттің 1,5-тен 3% аралығындағы мөлшері осы екі дақылдың өскіндерінің өсу қарқынын жоғарылатты. Диатомиттің 10-дан 20%-ке дейінгі мөлшерін қосқанда, керісінше, осы дақылдардың өскіндерінің дамуын тежеді.

Тәжірибелердің нәтижелері топыраққа диатомитті қосқанда бидай мен арпаның өскіндерінің құрғақшылыққа төзімділігін күрт арттыратынын көрсетті. Ондай төзімділік олардың тамырында пролиннің жинақталуымен қатар жүрді. Яғни диатомит өскіндердің тамыр жасушаларында пролин синтезін айтарлықтай жылдамдатады, немесе диатомиттің құрамында осы амин қышқылының мөлшері көп болады – пролиннің құрғақшылық кезінде өсімдіктердің тамырларында көп синтезделетіні белгілі.

### Әдебиеттер тізімі

- 1 Титова В.И. Влияние диатомита на микробиологический процесс деструкции целлюлозы в ризосфере зерновых культур / В.И. Титова, А.В. Козлов // Проблемы агрохимии и экологии. - 2011. - № 1. - С. 23-27.
- 2 Титова В.И. Агрохимическое и микробиологическое состояние ризосферы озимой ржи при применении диатомита / В.И. Титова, А.В. Козлов // Агрохимический вестник. - 2011. - № 2. - С. 34-38.



- 3 Козлов А.В. Влияние диатомита на биопродуктивность зерновых культур и численность микробного сообщества почвы / А.В. Козлов // *Агрохимический вестник*. - 2012. - № 5. - С. 39-41.
- 4 Козлов А.В. Микробиологический аспект в вопросах химической мелиорации почв / А.В. Козлов // *Проведение научных исследований в области сельскохозяйственных наук*. - Мичуринск: Изд-во МичГАУ, 2009. - II ч. - С. 83-86.
- 5 Козлов А.В. Структурно-функциональная организация микробного сообщества при временной консервации светло-серой лесной почвы / А.В. Козлов // *Научное обеспечение развития АПК в условиях реформирования*. -Пб.: СПбГАУ, 2010. - С. 181-184.

**ТЕХНИКА ҒЫЛЫМДАРЫ**  
**ТЕХНИЧЕСКИЕ НАУКИ**  
**TECHNICAL SCIENCES**

ӘОЖ 622.271: (622.682+622.684)

**ҮЗІМЕЛІ-ТОЛАССЫЗ ТЕХНОЛОГИЯНЫҢ ҚОЛДАНУ ТӘЖІРИБЕСІ**

**С.С. ҚҰЛНИЯЗ, А.С. КУАНТАЙ**

*Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті, Ақтөбе, Қазақстан*

**Аңдатпа.** Мақалада қатты тау жыныстарын өндіруде үзілмелі-толассыз технологияны қолданатын шет ел аршықтарының жұмыс тәжірибесі қарастырылған және түрлі технологиялық сызбанұсқалардың салыстырмалы талдауы келтірілген. Үзілмелі – толассыз технологиясының жүзеге асырылатын сызбанұсқаларының заманауи мысалдары айтылған. Тау-кен өндірісінде қияқұламалы конвейерлерді қолдану бойынша деректер жинақталған. Аршықтардың ұсату-қайта тиеу аландарындағы алдыңғы қатарлы технологиялар туралы ақпараттар келтірілген. Үзілмелі – толассыз технологияның даму жағдайын көрсететін деректер берілген.

**Түйін сөздер:** құрамды көлік түрі, үзілмелі-толассыз технология, терең аршықтар, экономикалық тиімділік, аршықтағы ұсату, автомобильді-конвейерлі көлік, автомобильді-теміржол-конвейерлі көлік.

**Аннотация.** В статье рассмотрен опыт работы зарубежных карьеров применяющих циклично-поточную технологию при разработке крепких горных пород и приведен сравнительный анализ различных технологических схем. Изложены современные примеры реализации схем циклично-поточной технологии. Собраны данные по применению крутонаклонных конвейеров в горной промышленности. Приведена информация о наиболее передовых технологиях на дробильно-перегрузочных пунктах карьеров. Сформулированы характерные тенденции в развитии схем циклично-поточной технологии.

**Ключевые слова:** комбинированный вид транспорта, циклично-поточная технология, глубокие карьеры, экономический эффект, внутрикарьерное дробление, автомобильно-конвейерный транспорт, автомобильно-железнодорожный-конвейерный транспорт.

**Annotation.** The article considers the experience of foreign quarries using cyclic-flow technology in the development of strong rocks and comparative analysis of various technological schemes. Presented are modern examples of the realization of circuits of cyclic-flow technology. The data on the use of slope conveyors in the mining industry were collected. The information on the most advanced technologies at crushing and reloading points of quarries is given. Characteristic trends in the development of cyclic-flow technology are formulated.

**Key words:** combined mode of transport, cyclical technology, deep careers, economic effect, intracatch crushing, automobile-conveyor transport, automobile-railway-conveyor transport

Ресей ғылыми академиясының Орал бөлімшесінің тау-кен ісі институтының зерттеулері бойынша терең аршықтардың тәжірибесіне сүйенсек аршық әр 100 метрге

тереңдеген сайын кенді тасымалдауға жұмсалатын қаражат қоры 1,5 есеге, сонымен қатар әр 1т кен массасын тасымалдауға қажетті электр қуаттың мөлшері 2,5 квт.сағ-қа өседі [6].

Терең аршықтардың төменгі деңгейликтерінде қолдануға тиімді саналатын автокөліктік тасымалдау технологиясының да шығыны да өсуде, оған мысал автокөлік қуатының 40%-ы ғана пайдалы жұмысқа жұмсалады, ал қалған 60%-ы өзін-өзі жылжыту үшін пайдаланылады.

Терең аршықтардың тасымал қашықтығы да жоғарылайды, соған сәйкес қаражат шығыны да өседі, егер орташа және кішігірім аршықтардағы тасымал жұмыстардың шығыны жалпы шығындардың 40-50%-на тең болса, ал тереңдігі 400-500м аршықтың тасымал шығыны 65-70%-ға дейін жоғарылайды.

Сонымен, айтылған мәліметтерді ескерсек, қазіргі таңда қолданылып жүрген жетек көлік түрлерінен құрастырылған технологиялық шешімдер экономикалық тұрғыда тиімді емес. Қалыптасқан технологияның орнын үзілмелі-толассыз технология айтарлықтай толтыра алады.

### **Негізгі бөлім**

Қазіргі таңда қазу техникасы мен технологиясының дамуына байланысты құрамалы көлік түрін пайдаланып, үзілмелі-толассыз технологияға көшуге толық мүмкіндік бар. Бұл технология бойынша кенді қазымдау барысында екі технологиялық сызбанұсқа қолданады:

1.Үйілімнің үңгубетінен іс-әрекеті үзілмелі экскаватормен кен массасы автоөзітүсіргішке тиеліп, содан кейін тұрақты, жартылай тұрақты немесе жылжымалы ұсатқыш қондырғыға жеткізіледі.

2.Үйілімнің үңгубетінен кен массасы іс-әрекеті үзілмелі экскаватормен өзіжүргі ұсатқышқа тиеледі.

Аталған екі технологиялық сызба нұсқа бойынша ұсатылған кен массасы конвейерлермен жер бетіне жеткізіледі.

Қазіргі кезде осы технологияны терең аршықтарда қолдану үшін толық мүмкіндік бар. Біріншіден, қажетті жабдықтарды Ресейден немесе алыс шет елдерден сатып алуға болады, екіншіден терең аршықтарды тиімді қазуға басқа бәсекелес технологияның түрі жоқтың қасы.

Үзілмелі-толассыз технологиядағы құрамалы көліктің өнімділігі, яғни автомобильді-конвейерлі көліктің, автокөлікпен салыстырсақ 20-25%-ға өседі, кейде одан да жоғары болады және көліктің ауысым бойынша пайдалану коэффициенті жоғарылайды.

Автомобильді-конвейерлі көліктің пайдалану тәжірибесіне сүйінсек, аршық тереңдеген сайын тасымалдау жұмыстардың өзіндік құны тек қана 5-6%-ға өседі, ал үзілмелі технологияда тасымалдың өзіндік құны 5-6 есе өседі.

Алыс шет елдерінде ірі кен орындарын үзілмелі-толассыз технологиямен қазатын, өз кезегінде кен массасын автомобильді-конвейерлі көлікпен тасымалдайтын аршықтар кең таралған. Үзілмелі-толассыз технологияға тән келесі құрамалы көлік түрлері жиі қолданады: автомобильді-конвейерлі және автомобильді-теміржол-конвейерлі.

Өткен ғасырдың 70-ші жылдарынан бастап үзілмелі-толассыз технология АҚШ-ның темір кенін өндіретін аршықтарында қолданады: Butler, Dylawall, Hill Anecs, National Steel, Plummer Republic және мыс кенді өндіретін аршықтарда: Twin Butes, Sierrita, Chukimata(Чили), Cananea(Мексика) және т.б. [1-3].

Үзілмелі-толассыз технологияның даму бағытының экономикалық пәрменділігі жылжымалы ұсатқыш қондырғыларды келесі ірі шетел аршықтарында: Twin Beatles, Sierrita(АҚШ), Sisheng(ОАР), Meiram(Испания) және т.б. игерумен дәлелденеді [4].

Алғашқы рет ашық тау-кен жұмыстардың әлемдік тәжірибесінде қатты тау жыныстарды ұсату және тасымалдау үшін құрамында жылжымалы ұсатқыш қондырғының бар үзілмелі-толассыз технология кешені «Krupp Industry und Stahlbau» фирмамен 1980-ші жылы Испания мемлекетінің Meiram аршығында құрылды.

Алыс шетел аршықтарында үзілмелі-толассыз технологияның жаңа даму кезеңі күрт құлама конвейерлерін жасау және оны өндірісте енгізуімен сипатталады. Аршықтар беткейінің еңкею бұрышы 30-50° тең жұмыстық емес беткейлерінде, яғни жобалық нобайында орнату бұрышы 60°-қа дейін күрт құлама конвейерлерді орнату арқылы келесі жетістіктерге жетуге мүмкіндік туады: күрделі тау-кен жұмыстар көлемін азайтуға; құрылыс мерзімін қысқартуға; жүк тасымал тас жолын қысқартуға.

Ғылыми-техникалық мақалаларды және патенттерді [5] талдау арқылы анықталғаны: кен массаны қияқұламалы конвейерлі таспалармен тасымалдаудағы қолданатын конвейерлердің құрылымдық түбегейлі айырмашылығы 18°-тан жоғары бұрышта тасымалданатын жүкті төменге қарай жылжып кетпеуден сақтау. Бүгінгі таңда, әлемдік тау-кен саланың тәжірибесінде келесі қияқұламалы конвейерлер қолданады: жүкті көтеру бұрышы 25-27° кедір-бұдыр таспалы; көтеру бұрышы 90°-қа дейін, таспасы ұзындығы бойынша белгілі аралықта көлденең бөлінген; көтеру бұрышы 30-50° құбыр тәрізді; орнатылу бұрышы 50-90° тасымалданатын жүкті таспамен үстінен қысып ұстайтын.

АҚШ тау-кен бюросының зерттеулері бойынша, айтылған конвейерлі таспалардың арасында тау-кен өндіру кәсіпорындарында қолдануға ең тиімдісі ретінде екі нобайлық жүкті үстінен ұстап тұратын конвейерлі таспа анықталған.

Ресейдің белгілі ғылыми-зерттеу институттары: Екатеринбург қаласындағы Тау-кен істері институты, Мәскеудің Мемлекеттік Тау-кен университеті және т.б. ізденіс жұмыстарының нәтижелерінде аталған қия құламалы конвейерлі таспа қолайлы деп саналады. Бұл ұстаным, Ресей Ғылыми Академиясының Орал бөлімшесінің Тау-кен істер институтының ғалымдарымен және Қашар аршығының мамандары бірлесіп орындалған ғылыми-ізденіс жұмыстарында қия құламалы конвейерлі таспаны қолданудың экономикалық тиімділігі анықталынған [6] .

Есептеулерде қия құламалы конвейерлі таспалардың келесі түрлері үлгі ретінде алынған: екінобайлық конвейерлі таспамен жабдықталынған арнайы үстінгі таспаны ұстайтын роликтермен; беті кедір-бұдырланған екінобайлы конвейерлі таспамен; көлденең қоршалған тақташа конвейерлермен.


1 - кестедегі мәліметтер бойынша, ұзындығы бойынша белгілі аралықта көлденең қоршалған конвейердің техника-экономикалық көрсеткіштері басқаларға қарағанда едәуір төмендігі анықталуда. Техника-экономикалық көрсеткіштері бойынша беті кедір-бұдырланған екінобайлы конвейер ең тиімді.

Кесте 1- Қашар аршығының тау-кен жағдайларына сәйкес орындалған ғылыми-зерттеу жұмыстардың техника-экономикалық көрсеткіштері

Көрсеткіш	Конвейерлі көтергінің түрі			
	Әдеттегі таспалы	Екінобайлы қысу роликтермен жабдықталынған	Екінобайлы қысу гофрлармен жабдықталынған	Екінобайлық тақташа көлденең қоршалған
Конвейердің орнату бұрышы	16	35	35	35
Конвейерлі құрылманың ұзындығы, м	435	210	210	2×210
Таспаның ені, м:				
Жүктасымал нобайдың	1,6	2,0	1,6	2×1,4
Қысу нобайдың	-	2,0	1,6	-
Конвейерлі таспаның түрі:				
Жүктасымал нобайдың	РТЛ-6000	РТЛ-2500 РТЛ-1500	РТЛ-4000 РТЛ-3150	көлденең қоршалған тақташа
Қысу нобайдың	-			

Зерттеу жұмыстардың жалғасында екінобайлық қия құламалы конвейерлі таспа қарастырылған. Зерттеу барысында конвейерлі таспаның жылжу жылдамдығы 3,15м/с тең болып қабылданған және конвейердің орнату бұрышы 60°, жүкті көтеру биіктігі 100м-ден 600м-ге дейін, аршықтың жылдық өнімділігі 5млн-нан 30млн.т аралығында қабылданған.

Кен массаны көтеру биіктігіне қарай шығындардың төмендеу қарқыны 1 - суреттегі графиктер арқылы байқауға болады.



Сурет 1. Үлесті пайдалану шығындары: конвейерлі көтергінің орнату бұрышы, град.

1, 2, 3- кен массаны көтеру биіктіктері 100, 300, 600м-ге сәйкес.

Кен массасын көтеру биіктігі 100м-ден жоғары болғанда күрделі үлесті шығындар 12-37% аралығында төмендейді және тұтынымдық шығындар 7-24,5% аралығында төмендейді. Зерттеулердің нәтижесі бойынша қияқұламалы конвейерлі көтергілердің орнату бұрышы 25-30° астам болса, олардың тиімділігі жоғарылайды.

Зерттеліп жатқан тау-кен техникалық жағдайларда қияқұламалы конвейерлі көтергілерді қолдануы күрделі шығындарды 0,7-3,5 млн. долл. азайтуға, ал тұтынымдық шығындардың мөлшерін 120-350\$ мың. төмендетуге мүмкіндік береді.

Мысал ретінде Югославияның Майданпек аршығында қолданыстағы күрт құлама конвейер қондырғысын келтіруге болады. Конвейерлі қондырғы «Continental Conveyor & Iк Whiptment» (АҚШ) фирмасында, жабылғы таспадан және әдеттегідей таспадан құрылған,

орнату еңісі 35,5°. Тасымалданатын кесектер ірілігі 250мм-ге дейін, таспаның ені 2000мм, жылжу жылдамдығы 2,67 м/сек. Кен массасын 100м. тереңдіктен тасымалдағанда өнімділігі 4000т/сағ. тең, жабылғы таспаның жетек қуаты 450квт, тасымал таспаның жетек қуаты 2×450квт.

Үзілмелі-толассыз технология өткен ғасырдың 60-70-ші жылдарынан бастап көршілес мемлекеттерде, оның ішінде Ресейдің Оленогор және Ковдор тау-кен байыту комбинаттарының аршықтарында, Украинаның Кривой Рог өніріндегі темір өндіретін бес аршықтарында және Өзбекстанның Мурунтау аршығында қолданады, біздің елімізде жоспар бойынша келесі 2-3жылда, дүниежүзі бойынша ең алып, кен бойынша жылдық өнімділігі 50млн.т.тең Ақтоғай ашық кеніші толық үзілмелі-толассыз технологиямен өндіру жұмыстарын бастайды.

Қазіргі кезде ТМД-ның тау-кен өндірісінде кен массасының 10%-ы үзілмелі-толассыз технологиямен қазылуда, ал Австралия, Канада және АҚШ мемлекеттерінің аршықтарында бұл көрсеткіш 50%-дан жоғары.

### **Қорытынды**

1. Ашық әдіспен кенді өндірудің әлемдік тәжірибесінде үзілмелі-толассыз технологияның тәсілдері кең таралған.

2. Қазіргі таңда қолдылып жүрген жетек көлік түрлерінен құрастырылған технологиялық шешімдер экономикалық тұрғыда тиімді емес. Қалыптасқан технологияның орнын үзілмелі-толассыз технология айтарлықтай толтыра алады. Мәліметтер бойынша, алыс шетел аршықтарының жылжымалы ұсатқыш қондырғылармен жабдықталынған үзілмелі-толассыз технология кешендерінің жұмысы тиімді және экономикалық пәрменділігі өте жоғары.

3. Қазақстан Республикасының ірі кен орындарын үзілмелі-толассыз технологиямен қазуға толық мүмкіндік бар. Сонымен қатар, тау-кен кәсіпорындары үшін бұл бірден-бір тиімді шешім болып табылады.

### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі**

1. Portable crusher at Sierrita, Arizona, shows substantial cost savings in first year // Mining Magazine. - 1985.-V.152.N 1. - P.95-96.

2. Sassos P. In-pit crushing and conveying systems // Engineering and Mining Journal. – 1984. -V.185. N 4. -P.46-56.

3. Mulay A.G. Dynawall conveying and elevating system // Indian Mining and Engineering Journal. -1986. -V.25. N 1. - P. 35-38

4. Сапаков Е.А. Современная технология открытых горных работ на карьерах. - Алматы, 2006, -321с.

5. Котяшев А.А., Павлов А.И., Онуфриева Г.А. Развитие циклично-поточной технологии на открытых горных разработках за рубежом. //Обзорная информация институт. М.: Черметинформация. -1989. -57с.

6. Яковлев В.Л. Перспективные решения в области циклично-поточной технологии глубоких карьеров. //М.: Тяжелое машиностроение. - 2003. – № 3. – С.57-68



**ФИЛОЛОГИЯ ҒЫЛЫМДАРЫ**  
**ФИЛОЛОГИЧЕСКИЕ НАУКИ**  
**PHILOLOGICAL SCIENCES**

**FTAMP 16.01.45**

**КАДРЛАРДЫ ДУАЛЬДЫ ДАЯРЛАУДА «КӘСІПТІК ҚАЗАҚ ТІЛІ» ПӘНІ БОЙЫНША  
ҚАШЫҚТЫҚТАН ОҚЫТУ ЭЛЕМЕНТТЕРІН ТИІМДІ ПАЙДАЛАНУ**

**Г.А. АЛАШБАЕВА, Б.Ж. КОБДАБАЕВА**

*«Ақтөбе политехникалық колледжі» АҚ, Ақтөбе, Қазақстан*

**Аңдатпа.** Қашықтықтан оқыту - оқытудың дәстүрлі емес технологиясын қолдану арқылы өзіндік жұмыстар орындаудағы студенттердің шығармашылық белсенділігін арттырудың, кәсіптік құзіреттілігін қалыптастырудың тиімді нысаны. Мақала политехникалық колледж студенттерімен MOODLE жүйесі көмегімен кәсіптік қазақ тілін оқытудың негізгі ерекшеліктері келтірілген. қашықтықтан оқыту технологиясы студенттің дәрістерді меңгеруі, тапсырмаларды алуы және орындауы, оқытушыға бақылау жұмыстарын жіберуі, тестілік тапсырмалар орындауы, электронды мекен-жайы бойынша қарым-қатынас жасауы тәрізді өзіндік жұмыстарын жаңа үлгіде, тиімді жолмен ұйымдастыруға мүмкіндік береді.

**Түйін сөздер:** техникалық және кәсіптік білім беру, дуальды оқыту, қашықтықтан оқыту, MOODLE жүйесі, кәсіптік қазақ тілі, тестілік тапсырмалар

**Аннотация.** Дистанционное обучение - это эффективная форма повышения творческой активности студентов при выполнении собственной работы с использованием нетрадиционной технологии обучения, формирования профессиональной компетентности. В статье описаны основные особенности преподавания профессионального казахского языка через систему MOODLE студентам Политехнического колледжа. технологии дистанционного обучения позволяют студентам организовывать свою собственную работу по-новому, эффективно, например, изучать лекцию, получать и выполнять задания, отправлять выполненные задания преподавателю, выполнять тестовые задания, работать эффективно через электронную почту.

**Ключевые слова:** техническое и профессиональное образование, дуальное обучение, дистанционное обучение, система MOODLE, профессиональный казахский язык, тестовые задания

**Annotation.** Distance learning is an effective form of increasing the creative activity of students in performing their own work with the use of non-traditional educational technology, the formation of professional competence. The article describes the main features of teaching professional Kazakh language through the MOODLE system to students of the Polytechnic College. Distance learning technologies allow students to organize their own work in a new, effective way, for example, to study a lecture, receive and complete assignments, send completed assignments to a teacher, perform test assignments, work efficiently through e-mail.

**Key words:** technical and professional education, dual education, distance education, MOODLE system, professional Kazakh, tests

Қазіргі таңда техникалық және кәсіптік білім беру саласында мамандар даярлауда оқытудың дуальды жүйесі үлкен маңызға ие. Дуальды оқыту, негізінен, білім беретін мекемеде және өндірісте қатар оқыту деген түсінік қалыптастырады.

Дуальды оқыту жүйесі бойынша білім алуға ниетті студенттер үшін Ақтөбе политехникалық колледжінде оқу үдерісінің үздіксіздігін және оқу жоспарының орындалуын қамтамасыз ету мақсатында қашықтықтан оқыту технологиясы енгізілген. Қашықтықтан оқыту, біріншіден, танымдық процестер мен теориялық түсініктерді үйлестіруге, сабақ беретін пәндері бойынша шәкірттерінің білімін жетілдіруге және шығармашылық белсенділігін арттыруға бағыт беретін оқытушылардың қызметін кеңейтуге және жаңартуға мүмкіндік береді. Екіншіден, жаңа қашықтықтан оқыту технологиясын енгізу студенттердің аудиториядан тыс өзіндік жұмыс жасауы үшін оңтайлы [1].

Техникалық және кәсіптік білім беретін оқу орнында қашықтықтан оқыту жүйесін енгізу студенттер назарына ұсынылмас бұрын, кейстік технология бойынша әр топқа негізгі пәндерден құрылымдық жағынан кешенді және сәйкесінше рәсімделген оқу-әдістемелік материалдары жинақталады. Бұл жұмыс, заманауи технологиялардың жаңаруы және ақпараттар ағынының молдығы тұрғысынан алғанда, үздіксіз жалғасады. Мазмұнына күнтізбелік-тақырыптық жоспар, сабақтың өту барысы, көрсетілімдер, бейнежазбалар, тірек сызбалары тәрізді әдістемелік құжаттар енетін электронды курстар әр пәнге арналып әзірленеді [2].

Ақпараттық көздер, жалпы алғанда, ғаламтор жаһандық желісі арқылы қол жеткізілетін компьютерлік оқыту бағдарламалары мен электронды оқу-әдістемелік кешендер қолданылуы желілік технологиямен сипатталады [3]. Осы орайда қашықтықтан оқытуды тиімді жүзеге асыру мақсатында MOODLE тұғынамасын қолдану таңдалды. Осы жүйені толық игерген оқытушылар дуальды білім алушы студенттер үшін электрондық курстарын толықтырып, жетілдіру жұмыстарын жүргізеді.

Қашықтықтан оқытудағы MOODLE жүйесі үш жақты қолданыста жүзеге асады: әкімгер - жүйеге жауап береді, түзейді, логин мен құпия сөзді жүктейді; оқытушы – өз курсы материалдармен толықтырады, студенттер орындаған аудиториядан тыс тапсырмалар жауаптарын тексереді, бағалайды; студент – аталған курсты игереді, тапсырмаларды орындайды.

Жүйені пайдаланушы студент өз атымен MOODLE жүйесіне кіргенде, «Менің курстарым» терезесі арқылы оқытылатын пәндер тізімінің қатарынан «Кәсіптік қазақ тілі» пәнін таңдады делік. «Пәннің интерфейсі» ашылғанда аталған пән бойынша оқу бағдарламасында қамтылатын барлық материалдар қол жетімді болады.

Жүйелі білім алу қағидасына сәйкес студент, ең алдымен, теориялық мәліметтерді меңгеруге тиіс [4]. Ол дегеніңіз - оқу аптасы мен бағдарламаны тұтас қамтитын «дәрістер кешені». Аудиториялық сабақтардың рет нөміріне сай келетін кез келген дәріс мазмұны аталған тақырыпқа сай оқу материалын студент алдына жайып салады. Болашақ маман қазақ тілі грамматикасына қатысты тақырыптар мен мамандық саласына қарай лексикалық тақырыптар ретінде берілген теориялық білімдерді өз бетімен игереді. Мәселен, екінші курстың оқу жұмыс бағдарламасына сәйкес қазақ тілінің лексикологиясынан омонимдер мен сөздің көп мағыналылығы, синонимдер мен антонимдер, табу сөздер мен эвфемизмдер, сөздің тура және ауыспалы мағыналары, диалектілік лексика, терминдер мен кәсіби сөздер, неологизмдер мен архаизмдер, афоризмдер мен кірме сөздер, лексикография және сөздіктер туралы анықтамалар мен ережелерді біледі, олардың тілдік нормаларға қатыстылығы туралы оқиды. Сонымен бірге, «Ақпараттық жүйелер» мамандығы бойынша білім алатын шәкіртке «Менің мамандығым – бағдарламашы», «Ақпараттық жүйе құру», «Ақпаратты кодтау», «Қазіргі менеджмент пен маркетинг», «Стратегиялық маркетингілік жоспарлау», «Графикалық деректер» тәрізді кәсіптеріне байланысты лексикалық тақырыптар ұсынылады. Орыс тілінде оқитын студентке қазақ тілінде жазылған мәтіндерді оқумен қатар, аталған лексикалық тақырыптарды слайд-көрсетілімдер, бейнежазбалар арқылы игеріп, тірек сөзбалар көмегімен түсіну мейлінше тиімді [5].

Педагогикалық тұрғыдан да, физиологиялық тұрғыдан да, кәсіби тұрғыдан да студенттің өзіндік ізденуіне мүмкіндік беретін, жауапкершілігін қалыптастыратын, шығармашылық белсенділігін арттыруға септігін тигізетін қашықтықтан оқыту жүйесінің артықшылықтарын атап өткен жөн. Іздеу, парақтау, көру, оқу, өз оқығанын көңілге тоқу әрекеттері арқылы студент «Тапсырмалар» терезесінен өз білімін тексеруге арналған сұрақтар мен тапсырмаларды орындауға кіріседі. Студенттерге көмек ретінде жүйеде тапсырмалар орындаудың нұсқалары да ұсынылады [6].

Мәселен, «Графикалық деректерді ұсыну. Диалектілік лексика» тақырыбы бойынша мынадай мазмұнда сұрақтарға жауап береді және жазбаша тапсырмалар орындайды:

1. Графикалық деректерге сипаттама беріңіз.
2. Олар қалай рәсімделеді?
3. Графикалық деректердің мәтіндік деректерден айырмашылығы неде?
4. Қазақ тілінде әдеби тіл нормасына енбейтін лексикалық ұғымдарды атаңыз. Себебі неде?
5. Диалектілердің кәсіби сөздерден айырмашылығы неде?

6. Қазақстанның түрлі аймақтарында кездесетін 6 диалект сөздер қатарын құраңыз. Оларды қатыстырып сөйлем құраңыз.

Бұл тапсырмалар студенттің теориялық білімдерді қаншалықты меңгергенін бағалауға ғана мүмкіндік беріп қоймайды, болашақ кәсіп иелерінің тапсырмаларды өз бетімен орындауы арқылы шығармашылық белсенділігін арттыруға, жазу сауаттылығын қалыптастыруға да септігін тигізеді.

Тапсырма орындау әрекетін студент «Тапсырмаға жауапты енгізу» түймесін пайдалана отырып жүзеге асырады. Әр тақырыпты қорытуға арналған тапсырмалар ұсынуда оқытушы студенттерден мәтін түрінде немесе басқа үлгідегі файлдар түрінде талап ететін міндеттерді таңдайды. Оқытушының қызметі студентті бағалап қана қоюмен шектелмейді, орындалған өзіндік жұмыс туралы пікір қалдыруға да болады [7].

MOODLE жүйесіндегі студенттің келесі қадамы – аралық бақылау. Аралық бақылау тестілік тапсырмаларды орындау арқылы жүзеге асады. Тестілік жұмыс - қазіргі таңда оқу орындарында білім сапасын анықтауға қатысты қолданылып жүрген тәсілдердің бірі. Қашықтықтан оқытудағы тест тапсырмалары оқудағы күнделікті, дәстүрлі әдісті жоққа шығармайды, сонымен қатар оқушы білімінің сапасын арттыру үшін де қолданылады. «Кәсіптік қазақ тілін» оқыту барысында берілетін тест тапсырмаларының түрлеріне тоқталсақ.

Баламалы тестілік тапсырма екі жауаптың бірін таңдауға негізделген. Мысалы: «Жазу, қолдану, жоспарлау, жүйелеу, кодтау сөздерінің барлығы тұйық етістік пе?» деп сұралады. «Иә» немесе «жоқ» деп жауап беріледі.

Толықтыруға (еске түсіруге) арналған тестілік тапсырма орындауда студент берілген сөйлемді толықтырады немесе қалдырып қойған сөзді, сөз тіркесін тауып жазады. Мысалы: Мына мақалдың екінші сыңарын жаз: «Алуан-алуан кәсіп бар, ...» Студент «Таңдай біл де, талап қыл!» деп жазуға тиіс [8].

Сәйкестендіру тестілік тапсырмасы бойынша студент екі бағанда орналасқан мысалдарды бір – бірінің мағынасына, мазмұнына байланысты тауып топтастырады. Мысалы, Сөз таптары мен оның мысалдарын табу:

- |             |                         |
|-------------|-------------------------|
| 1. Зат есім | а) бер, айт, жүр, кет   |
| 2. Сын есім | ә) жетеу, он, он бес    |
| 3. Сан есім | б) өңді, тентек, сылбыр |
| 4. Есімдік  | в) былтыр, ілгері, әрең |
| 5. Етістік  | г) аға, ана, бала       |
| 6. Үстеу    | ғ) арқылы, дейін, гөрі  |

- |                |                       |
|----------------|-----------------------|
| 7. Шылау       | д) сен, ол, біз, бәрі |
| 8. Одағай      | ж) тарс – тұрс, салп  |
| 9. Еліктеу сөз | з) қап, пәлі, япырау  |

Тестілік тапсырманың дұрыс жауабын таңдау түрінде студент бір ғана дұрыс жауап таңдайды. Мысалы, Салалас құрмаластың қай түрі екенін көрсетіңіз: Жел саябырсыған сияқты, екпіні әлі де қатты?

- а) талғаулы
- в) қарсылықты
- с) ыңғайлас
- д) кезектес
- е) түсіндірмелі

MOODLE жүйесі оқытушыға тарау бойынша өткен тақырыптарды бекіту, қайталау, пысықтау үшін тест тапсырмаларын түрлендіріп әзірлеуге, ал студенттің тақырыптарды қалай түсінгенін, ойлау белсенділігін, ой қорыту мүмкіндіктерін көрсетуіне мүмкіндік береді. Барлық сұрақтарға жауап берілгеннен кейін дуальды жүйеде оқитын студент «әрекетті аяқтау» түймесін басу арқылы жауап беру нәтижелерін біле алады.

Қашықтықтан оқытудың тағы бір тиімді тұсы – бағалау. Білім беру саласында маңызды көрсеткіш деп саналатын бағаларды «Басқару» блогындағы «Бағалар» тармағынан білеміз.

Қорыта келе, қашықтықтан оқыту технологиясы студенттің дәрістерді меңгеруі, тапсырмаларды алуы және орындауы, оқытушыға бақылау жұмыстарын жіберуі, тестілік тапсырмалар орындауы, электронды мекен-жайы бойынша қарым-қатынас жасауы тәрізді өзіндік жұмыстарын жаңа үлгіде, тиімді жолмен ұйымдастыруға мүмкіндік береді.

MOODLE жүйесі студенттің оқыту үрдісінде оқытушымен байланыста болуын, сұрақ қойып, қажетті кеңестер алуын да қамтамасыз ете алады. Жүйе жұмысын игерген шәкіртке курстың басқа қатысушыларымен де қарым-қатынас жасау қолжетімді. Сонымен қатар, қашықтықтан оқыту жүйеге қатысушылар жұмысының мониторингін жүргізеді: оқытушы кез келген уақытта студенттің сайтта қандай жұмыс жасағанынан хабардар болады, студенттің қатысымын, белсенділігін, желіде өткізген уақытын бақылай алады.

Қашықтықтан оқыту - оқытудың дәстүрлі емес технологиясын қолдану арқылы өзіндік жұмыстар орындаудағы студенттердің шығармашылық белсенділігін арттырудың, кәсіптік құзіреттілігін қалыптастырудың тиімді нысаны.

### Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Бектұрова А.Ш., Бектұров Ш.К. Казахский язык для всех. – Алматы: Атамұра. 2004.- 194 бет.
2. Исаев С. Қазақ тілі. – Алматы, 2000.- 154 бет.
3. Оралбаева Н. Практикалық қазақ тілі. – Алматы: Ана тілі, 1993.- 298 бет.
4. Арпабеков С. Қазақ тілі. - Алматы, 2004.- 145 бет.
5. Оразақынова Н. Қазақ тілі: Сөз мәдениеті. – Алматы: Мектеп, 2014.- 230 бет.
6. Қапасова Б.Қ. Қазақ тілін жедел оқыту. - Астана: АрманПВ, 2007. – 288 бет.
7. Қазақтың мақал-мәтелдері. Алматы: Көшпенділер, 2005.-106 бет.
8. Сариева К. Қазақ тілінен жаттығу, тексеру тапсырмалары. - Алматы, 2001.- 98 бет.

SRSTI 16.31.41

### WORTSCHATZARBEIT - EIN „SORGENKIND“ IM FREMDSPRACHENUNTERRICHT

Э.Б. ХАСАНОВА

*Актюбинский региональный государственный университет им. К. Жубанова, Актөбе,  
Казахстан*

**Аннотация.** В статье затронуты проблемы работы над словарным запасом на уроках иностранного языка. Автор освещает не только приемы введения новой лексики, но и обращает внимание на психологические аспекты этой формы работы. Данные психологии речи показывают, что речевые лексические навыки существенно отличаются от грамматических. Лексические навыки характеризуются большей осознанностью. В речи мы более всего осознаём её содержание, что проявляется в выборе слов, их правильном сочетании с другими словами в зависимости от целей коммуникации.

Кроме лексических речевых навыков можно выделить языковые лексические навыки оперирования лексическим материалом вне речевой коммуникации: навыки операции по анализу слова, операции по словообразованию, конструированию словосочетаний. Совершенное владение лексической стороной речи предполагает наличие у говорящего речевых и языковых лексических навыков.

**Ключевые слова:** лексические навыки, речевая коммуникация, словообразование, анализ слова

**Аңдатпа.** Мақалада шетел тілі сабағындағы студенттерінің сөздік қорымен жұмыс жасау мәселесі қарастырылған. Берілген мақалада шетел тілдері сабақтарындағы сөздік қормен жұмыс істеудің проблемалары қарастырылған. Автор жаңа лексиканы енгізу тәсілдерін ғана атап қоймай, сонымен қатар бұл жұмыс формасының психологиялық аспектілеріне де назар аударған. Сөйлеу психологиясының мәліметтері сөйлеудің лексикалық дағдыларының грамматикалық дағдылардан ерекшеленетінін көрсетеді. Лексикалық дағдылар айрықша ұғынумен сипатталады. Сөйлеу барысында оның құрылымын аңғару коммуникацияның мақсат-мүдделеріне қарай сөздердің басқа да сөздермен ұйқасын таңдау кезінде байқалады.

Сөйлеудің лексикалық дағдаларынан басқа сөйлеу коммуникациясынан тыс лексикалық материалмен пайдалану тілдік лексикалық дағдыларды: сөздің анализына қатысты дағдылық операциялар, сөзжасамға қатысты операциялар, сөз тіркестерін құрастыруды баса атауға болады. Сөйлеудің лексикалық тарапын еркін меңгеру сөйлеушіде сөйлеу және тілдік лексикалық дағдылардың болуын талап етеді.

**Түйін сөздер:** лексикалық дағдылар, тілдік коммуникация, сөз пайда болу, сөз талдауы

**Annotation.** The article touches upon the problems of work on the vocabulary in the lessons of a foreign language. The author illuminates not only the techniques of introducing new vocabulary, but also draws attention to the psychological aspects of this form of work. The data of speech psychology show that speech lexical skills differ substantially from grammatical skills. Lexical skills are characterized by greater awareness. In speech, we are most aware of its content, which is manifested in the choice of words, their correct combination with other words, depending on the purposes of communication. In addition to lexical speech skills, it is possible to distinguish the language lexical skills in handling lexical material beyond verbal communication: skill operations in the analysis of words, operations on word formation, construction of word combinations. Perfect possession of the lexical side of speech presupposes the speaker's speech and language lexical skills.

**Key words:** lexical skills, speech communication, word formation, word analysis

In den Anfängen häufen Fremdsprachenlernende im Rahmen des Unterrichts viele Vokabeln zu verschiedenen Themen an. Meist sind es formelhafte Ausdrücke, die themenbezogen und isoliert eingeprägt werden. Die Aufgabe und Relevanz der Arbeit am Wortschatz wäre nun, durch entsprechende Aufgaben das mentale Lexikon des Lerners leistungsfähiger zu machen und den Wortschatz zu erweitern, zu vertiefen und zu differenzieren. Der Lerner soll befähigt werden, über das Gelernte zu reflektieren, den Wortschatz in größere Zusammenhänge zu stellen und ihn variabel anwenden zu können.

In den meisten Publikationen zu Wortschatzarbeit ist jedoch die Rede von deren Vernachlässigung. Weshalb die Wortschatzarbeit auch heute noch ein „Sorgenkind“ im Fremdsprachenunterricht ist, wird meistens mit dem Umfang des Wortschatzes und dessen Dynamik erklärt sowie mit seiner Struktur [1, 8]. Auch Gairns und Redman (1993) listen die Aspekte auf, die bei der Vermittlung des Wortschatzes unbedingt berücksichtigt werden sollten, z. B. die Polysemie, Homonymie, Synonymie u. a. Diese Aspekte deuten schon von ihrem Wesen her an, dass Wortschatzarbeit mehr leisten muss als Vokabelpauken. Soll man beispielsweise bei der Vermittlung des Wortes leihen bereits auf das Verwechslungspotential mit Laien hinweisen? Ist es nicht zu verwirrend? Und wenn ja, auf welche Art und Weise sollte diese sprachliche Besonderheit präsentiert werden? Welche Behaltensstrategien sollen angewendet werden? Aber auch das weite Feld der Konnotationen, negative oder positive, muss bei der Wortschatzarbeit bedacht werden, will man die Sprachkompetenz des Lerners erhöhen. Ferner müssen auch subjektive Lernpräferenzen hinsichtlich der Lerner berücksichtigt werden. Neuere gedächtnispsychologische Forschungen

haben z. B. ergeben, dass Informationen bei visueller Erfassung besser im Gedächtnis bleiben als bei auditiver Erfassung.

Davor muss aber noch die Frage geklärt werden, nach welchen Kriterien man Wortschatz überhaupt auswählen sollte. Diese Auswahl wiederum ist immer von dem größeren methodischen Kontext abhängig. Wird eher sprachsystemorientiert oder lernerorientiert gearbeitet? Gerhard Neuner z. B. schlägt als Auswahlkriterien die Lernbarkeit, die Brauchbarkeit und die Verstehbarkeit vor. Dabei ist jedoch zu beachten, dass, abhängig von der Ausbildungsstufe aber auch von subjektiven Voraussetzungen der Lernenden, die Gewichtung dieser drei Kriterien variiert werden muss [ 1, 18-21].

Martin Löschmann fordert im Sinne der Entwicklung von sprachlich-kommunikativer Kompetenz die „kommunikativ-funktionale, erfahrungsbasierte Einbettung der Wortschatzarbeit“, auch wenn die damit verbundene Arbeit an „Ausprache, Schreibweise, Semantik und Morphologie der lexikalischen Einheiten“ weit mehr Zeit und Mühe erfordert [ 3, 105]. Ferner ist man zu der Erkenntnis gekommen, dass aus gedächtnispsychologischen Gründen neue lexikalische Einheiten vorwiegend im entsprechenden Kontext angeboten werden sollten. Dabei „[sollten] verschiedene Arten von Zusammenhängen von Wörtern didaktisch praktiziert werden“. Auch Bedeutungssystemen wird in diesem Zusammenhang große Bedeutung beigemessen [4, 24].

Ein weiteres Problem der Wortschatzarbeit besteht darin, dass ein Wort in verschiedenen Kulturen nicht exakt die gleiche Bedeutung hat, also nicht auf dasselbe verweist. Und häufig können die im Unterricht verwendeten Materialien es gar nicht leisten, auf die sich unterscheidenden Bedeutungen in verschiedenen Kulturkreisen einzugehen. So herrschen die denotativen bzw. definitorischen Wortbedeutungen vor. Dies stellt für den Lerner jedoch ein Problem dar, da er sich manchmal etwas Falsches unter dem Begriff vorstellt oder sogar die Bedeutung gar nicht kennt. Auch diesem Problem muss methodisch begegnet werden.

Alles in allem muss es im Fremdsprachenunterricht darum gehen, Techniken herauszuarbeiten, die dem Lerner helfen sollen, eine lexikalische Einheit ‚global‘ zu erfassen. Bei der Einführung neuer Wörter sollten neben deren Bedeutung, Aussprache und Orthografie auch ihr kontextueller und emotionaler Gebrauch vermittelt werden. Ferner muss der Lerner auch die Gelegenheit bekommen, die neue Lexik konstruktiv anzuwenden und effektiv zu speichern und dies möglichst schon in der Aneignungsphase. Im Sinne des ganzheitlichen Lernens erscheint auch der Ansatz des mehrkanaligen Lernens von Kleinschroth sinnvoll, der wie folgt lautet:

„Unter mehrkanaligem Lernen verstehen wir einen mentalen Prozess, der mehr ist als die Kombination von Lesen, Sprechen, Hören und Schreiben. Wir aktivieren dazu unsere Vorstellung von Klängen, Rhythmen, Melodien, Farben, Formen, Gerüchen, Geschmacks- und



Tastempfindungen, Mimik und Gestik. Wir können sie dank unserer Einbildungskraft lebhaft wahrnehmen.“ [1, 19].

Z.B. können beim Thema Urlaub insbesondere landeskundliche Aspekte interessante Erkenntnisse in den Unterricht bringen. Es ist sicherlich sehr interessant und bereichernd zu erfahren, wie Lerner aus verschiedenen Kulturkreisen ihren Urlaub verbringen. Was verbindet jeder einzelne Lerner mit den Begriffen Urlaub und Freizeit? Es wäre sehr sinnvoll, diese differenzierten Ansichten und Vorstellungen zum Urlaub in den Unterricht zu integrieren. Dadurch würde das landeskundliche Wissen der Lerner aber auch ihr gegenseitiges kulturelles Verständnis entwickelt werden.

Es ist üblich, im Sinne des landeskundlichen Unterrichts, beim Thema Urlaub Städte, Sehenswürdigkeiten und interessante Landstriche des deutschsprachigen Raums als Hintergrund zu verwenden. Aus der Perspektive der ausländischen Touristen wird dann das Vokabular, das für einen Urlauber von Bedeutung ist, um z. B. ein Hotelzimmer zu reservieren oder eine Zugverbindung herauszusuchen, erarbeitet.

Nichtsdestotrotz erlauben der Text und die dazu gestellten Aufgaben auch einen allgemeinen Zugang zum Thema Urlaub.

Der Lerner „kann die Hauptinhalte komplexer Texte zu konkreten und abstrakten Themen verstehen; versteht im eigenen Spezialgebiet auch Fachdiskussionen. Kann sich so spontan und fließend verständigen, dass ein normales Gespräch mit Muttersprachlern ohne größere Anstrengung auf beiden Seiten gut möglich ist. Kann sich zu einem breiten Themenspektrum klar und detailliert ausdrücken, einen Standpunkt zu einer aktuellen Frage erläutern und die Vor- und Nachteile verschiedener Möglichkeiten angeben.“ (Goethe-Institut, 2008).

Nach dem in der Anfängerstufe ein Thema schon in Grundlagen behandelt wurde, soll in der Fortgeschrittenenstufe aktualisiert, vertieft, und ergänzt werden. In der Fortgeschrittenenstufe soll es nicht so sehr darum gehen, den Wortschatzerwerb „additiv-elementarisch“ zu gestalten [3, 18-21], sondern darum, andere Stilebenen zu erkunden und intensiver an der Vernetzung und qualitativen Vertiefung des Wortschatzes zu arbeiten [5, 7]. Im produktiven Bereich sollen sowohl die mündlichen als auch die schriftlichen Fertigkeiten fokussiert werden. Dabei soll der erarbeitete Wortschatz in die Sprachtätigkeit integriert werden. Die Vorentlastungsphase bietet sich an, an der Aussprache einzelner Wörter zu arbeiten. Im weitesten Sinne versteht man unter Aussprache die Fähigkeit, Spracheinheiten zu erkennen und zu reproduzieren. Hinsichtlich der Arbeit an der Aussprache wird gemeint, dass sie einen sehr wichtigen Bestandteil des Fremdsprachenunterrichts darstellt. Denn eine der Erkenntnisse der kontrastiven phonetischen Untersuchungen ist, dass z. B. die suprasegmentale und besonders die rhythmische Interferenz einen großen negativen Einfluss auf

die Perzeption der gesprochenen Sprache haben. Es ist deshalb wichtig, schon im Anfangsunterricht auf korrekte Aussprache zu achten und an elementaren Ausspracheschwierigkeiten zu arbeiten, da sich Fehler leicht einschleifen und später nur schwer korrigiert werden können. In fortgeschrittenen Stufen kann man dann an besonderen Phänomenen der gesprochenen Sprache arbeiten wie an der Emotionalität beim Sprechen oder an Besonderheiten der Satzintonation. Die Dialog-Aufgaben werden dann Gelegenheit geben, diesen Bereich der Aussprache zu entwickeln.

Es ist die Aufgabe des Lehrers, bereits vor dem Unterricht die Intentionen und Ziele für die anstehende Unterrichtseinheit zu formulieren. Er muss sich und den Lernern Richtziele vorgeben und daran seine Methoden und Aufgabenstellungen ausrichten. Ferner muss er genau im Bilde sein, welcher Bedarf an Wiederholung oder Intensivierung auf Seiten der Lerner besteht. Und er muss die nächste zu erklimmende Kompetenzstufe im Auge behalten.

Die Lehr- und Lernziele für die in dieser Arbeit vorgestellte Unterrichtseinheit Urlaub sind:

Lehrziele:

- Wiederholen des Wortschatzes zu Freizeitaktivitäten, Ortsbeschreibung und Wetter
- Sensibilisierung für landeskundliche Aspekte
- Förderung der Fertigkeiten Lesen, Schreiben und Sprechen
- Arbeit an Aussprache
- Herausarbeiten von im Text enthaltenen Komposita
- Vertiefung der Arbeit an der Wortbildung
- Wiederholen der Vergangenheitsformen
- Bearbeitung der Textform Prospekttext

Lernziele:

- Fokus auf die Fertigkeiten Lesen, Schreiben, Sprechen (dialogisch/berichtend)
- Wiederholung, Aneignung und Festigung von Wortschatz zum Thema Urlaub, wobei folgende Sach-, Begriffsfelder bedient werden:
- Ort, Wetter, Tourismus, Urlaub, Arbeit, Tagesablauf
- Wortschatzerweiterung durch Arbeit an Komposita
- Verbesserung der Aussprache
- Wiederholung der Vergangenheitsformen
- Vergleichen des eigenen Verständnisses von Urlaub mit dem deutschen
- Üben des Erzählens chronologischer Ereignisse in der Vergangenheit
- Kennenlernen der Textform Prospekttext
- Verfassen eines Prospekttexts

Bei Bernd Kast heißt es, dass man „Schreiben nicht durch Schreiben, sondern durch Lesen“ lernt. Er zitiert dabei Stephen Krashen, der die Input-Hypothese aufstellt und meint, dass man Textkompetenz besonders durch das Lesen erwerbe (Kast, 1999). Im Unterricht mit Fortgeschrittenen wird verstärkt Fokus auf Textarbeit gelegt. Nachdem auch der Gemeinsame Europäische Referenzrahmen als eine wichtige sprachliche Kompetenz das Verstehen komplexer Texte verlangt, soll das Lesen und Schreiben verknüpft werden. Bei der Produktion des Zieltextes soll es nicht um eine bloße Paraphrasierungsleistung gehen. Vielmehr sollen die Lerner, ausgehend vom vorliegenden Text und den während des Unterrichtsprozesses erbrachten hinführenden Teilleistungen, einen eigenen Text produzieren.

### **Literatur**

1. Bohn, 1999, S. 8 Wortschatz arbeit
2. Gairns und Redman ,1993 Wortschatzarbeit im DaF-Unterricht
3. Löschmann, 1993, S. 105 Wortschatz arbeit
4. Müller, 1994, S. 18-21 Fernstudienprojekt zur Fort- und Weiterbildung im Bereich Germanistik und Deutsch.
5. Ulrich, 2007, S. 7 Grundwortschatz.

**ТАРИХ, ФИЛОСОФИЯ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТАНУ**  
**ИСТОРИЯ, ФИЛОСОФИЯ И СОЦИОЛОГИЯ**  
**HISTORY, PHILOSOPHY AND SOCIOLOGY**

FTAMP 03.20

**СТРАНИЦЫ ОТЕЧЕСТВЕННОЙ ИСТОРИИ:  
УЧАСТИЕ КАЗАХСТАНЦЕВ В СТАЛИНГРАДСКОЙ БИТВЕ**

**Н.А. АБДОЛЛАЕВ, Ф.Х. АХМЕТНИЯЗОВА**

*Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті  
Ақтөбе, Қазақстан*

**Аңдатпа.** Мақалада адамзат тарихындағы аса күрделі және маңызы зор Сталинград түбіндегі (1943 ж.) герман фашистік шабуылының бетін үзінді-кесінді қайтарған ұрыстағы қазақстандық жауынгерлердің ерлігі баяндалған. Материал мұрағат деректері мен шетелдік және Кенестік-отандық ғылыми-зерттеу еңбектердегі аталмыш оқиға туралы тұжырымдар негізінде құралған.

**Түйін сөздер:** соғыс, күрделі, фашистік таным, вермахт, фельдмаршал Манштейн, Еділ, гитлершіл рейх, Отан, КСРО, бұқаралық ерлік, Қазақ КСР, Ақтөбе, Гурьев, Орал.

**Summary.** On the basis of archive documents, the conclusion of foreign and domestic research, deeply described the Battle of Stalingrad. The keynote of the article-to give a display of courage and patriotism of Kazakh soldiers in the main plots of the battle which was the major turnaround of Second World War and Patriotic War.

**Key words:** homeland, the USSR, mass heroism, Kazakh SSR, Aktobe, Guriev, Uralsk, war, fascism, Wehrmacht, Manstein- Field Marshal, Volga, Third Reich.

**Аннотация.** В статье на основе архивных документов, выводов зарубежной и отечественной исследований фрагментарно излагаются события Сталинградской битвы. Главный лейтмотив статьи – показать мужество и патриотизм воинов-казахстанцев на решающих участках битвы, ставшей коренным переломом в истории Второй мировой и отечественной войн.

**Ключевые слова:** Родина, СССР, массовый героизм, КазССР, Актобе, Гурьев, Уральск, война, фашизм, вермахт, фельдмаршал Манштейн, Волга, третий рейх.

**Annotation.** The problem of social justice research in pedagogical interaction is highlighted in the article. There is the author's understanding of the value-dialogical approach presented, which emphasize that achievement of social justice in educational interaction becomes possible due to the dialogue relations of teachers and students. Humanization of relationship provided by the presence in the structure of moral values of a personality of the teacher, the values of social justice, which becomes its personal value (quality) and appears in the value (equal, impartial, objective) attitude to every student without exception and thus sets the vector moral behavior of the teacher. The psychological aspect study of the given issue is presented within the framework of educational process, namely of the social conditions, psychological determinants, components and mechanisms of social justice development in the teachers and students interaction, which, taken as a whole, represent the autor's model of social justice development in pedagogical interaction.

**Key words:** social justice, moral values, dialogue, value-based attitude of students, psychological equality.

Мақалада педагогикалық қарым-қатынаста әлеуметтік әділеттілікті зерттеу мәселесі талданған. Автордың педагогикалық өзара әрекеттесудегі әлеуметтік әділеттілікке қол жеткізуге мүмкіндік беретін құнды диалогтық парадигмасының түсінігі мұғалімдер мен оқушылар арасындағы қарым-қатынастарды диалогқа келтіру жағдайда мүмкін болады. Педагогтың жеке құндылығы болатын оның моральдік сферасының

құрылымында әлеуметтік әділеттілік болып және әр оқушыға бірдей көрінгенде ғана үрдіс гуманизациясы қамтамасыз етіледі. Берілген мәселенің психологиялық тетіктерін зерттеу ұсынылып отыр, соның ішінде, педагогикалық қарым-қатынаста әлеуметтік әділеттілікті дамытатын авторлық үлгіні құрайтын әлеуметтік жағдайларды, психологиялық детерминанталарды, педагогтармен білім алушылар қарым-қатынасындағы әлеуметтік әділеттіліктің дамуының компонентілерінің және механизмдерін.

**Түйінді сөздер:** әлеуметтік әділеттілік, моральдық құндылық, студентке құндылық, психологиялық теңдік.

Социальная справедливость обычно выступает предметом исследования социально-политических наук. Ее изучение в психологическом измерении есть новым и вызывает особый научный интерес. На сегодняшний день актуальной становится проблема достижения социальной справедливости в пространстве взаимодействия учителей и учеников. Согласно нашей научной позиции, социальная справедливость в педагогическом взаимодействии является явлением справедливого распределения учителем между учениками меры вознаграждений и наказаний за результаты их учебной деятельности и поведения, с учетом индивидуальных особенностей и жизненных обстоятельств каждого школьника. Это приводит к установлению конструктивных, партнерских отношений участников учебно-воспитательного процесса, ценностно-смыслового равенства между ними.

Процесс установления социальной справедливости в педагогическом взаимодействии (учитывая проявления школьников, особенности педагогических ситуаций и т.д.) является динамичным явлением и таким, которое приобретает определенную направленность, в зависимости от позиции учителя. Учитывая такое обстоятельство, актуализируется проблема *развития социальной справедливости в педагогическом взаимодействии*. Конечной целью ее решения должно стать достижение согласия в отношениях учителей и учеников, что открывает возможности для реализации потенциала каждой стороны педагогического взаимодействия.

Психологические аспекты взаимоотношений учителей и учеников неоднократно оказывались в центре внимания многих ученых. В.А.Сухомлинский в своих работах актуализировал проблемы работы учителя начальных классов, делая акцент на личном примере морального поведения и справедливого отношения к детям [6]. И.Д.Бех, анализируя природу переживаний младших школьников, делал акцент на том, что самоуважение в этом возрасте вызывают заслуженные вознаграждение или похвала, сделанные учителем, за существенные достижения в учебной деятельности. В то же время, ученый отмечал, что если за незначительные успехи ребенок часто получает существенное вознаграждение, он убеждается в преувеличении взрослыми их способностей [1]. Несмотря на то, что младшие

школьники сориентированы на то, чтобы учитель их хвалил, они более позитивно воспринимают ситуацию адекватной, справедливой оценки им своих проявлений.

В подростковом возрасте проявляются социально-ценностные переживания (И.Д. Бех, И.С. Булах, Р.В. Павелкив, П.М. Якобсон). У подростка существует четкое понимание того, что справедливостью является распределение вознаграждений или наказаний за результаты своей деятельности: за социально приемлемые поступки и успешное обучение заслуженно получают блага в виде социального признания, положительных оценок или материальных вещей; соответственно за негативные действия, которые не соответствуют ожиданиям окружающих, следует наказание как в идеальном, так и в материальном плане. Вместе с тем, особенностью подросткового возраста является высокий уровень субъективизма в восприятии ситуаций взаимодействия с окружающими. В частности, в условиях учебной деятельности, где имеет место педагогическое взаимодействие подростка с учителем, нередко возникают ситуации, в которых подросток обвиняет педагога в несправедливости. Исследование А.А.Реана доказали, что современные подростки среди ведущих дескрипторов, которые образуют социально-перцептивный портрет учителя, выделяют противоположное справедливости, как положительному качеству, отрицательное – несправедливость. Ученый актуализировал эту проблему, так как учитель является тем человеком, от которого зависит эффективность воспитания в школе растущей личности, ее развитие и социализация. По нашему мнению, установленный факт свидетельствует об отсутствии доверия подростков к значимому в жизни человеку, благодаря которому они усваивают общественные нормы и правила. Впрочем, за результатами исследования С.Н.Костроминой и Л.Г.Нагаевой, именно справедливость ученики приписывают идеальному учителю [5].

В период старшего школьного возраста, на этапе ранней юности, как отмечала В.С.Мухина, происходит ее становление как личности, когда, подытоживая весь предыдущий опыт познания окружающего мира и себя в нем, юноша присваивает социально значимые качества личности, а именно способность к сопереживанию, к активному нравственному отношению к себе и другим, усвоению норм, правил, поведения в обществе [4]. Г.В.Дьяконов отмечал, что в процессе педагогических взаимодействий учителей и учеников старших классов устанавливаются диалогические связи, благодаря которым наставники передают субъектам учения не только свои знания и умения, но и взгляды на жизнь, моральные установки и правила [2]. Справедливая позиция педагога в отношении каждого члена класса является для старшеклассника примером человека, который на практике утверждает принципы социальной справедливости в отдельно взятом сообществе.

И.Д.Бех утверждал, что в этом возрасте личности чрезвычайно важно, чтобы внимание педагога было направлено именно на нее, на признание ее индивидуальности, ее духовного «Я» [1]. Ученый подчеркивал важность ценностного отношения педагога к юноше, что проявляется в следующих педагогических позициях. Во-первых, нужно понимать его личность, а это предполагает проявление педагогической наблюдательности, эмпатии и психологической проницательности; диалогичность отношений; чувство педагогической солидарности. Во-вторых, признавать личность юноши, что проявляется в уважении к нему как субъекту, который имеет право на собственное мнение, позицию и выбор. На фоне такого позитивного отношения должны проявляться требовательность и принципиальность со стороны педагога. В-третьих, должно быть безусловное принятие юноши как личности, что означает признание его права на любую гамму собственных чувств, внимание к ним, готовность к поддержке, вера в его силы и возможности [3].

Таким образом, в разные возрастные периоды школьной жизни ученики имеют разные запросы на справедливое к ним отношение учителя. Несмотря на это, позиция педагога должна быть неизменной: любой ученик, независимо от возраста, успехов в учебной деятельности, от поведенческих проявлений, благополучия семьи, заслуживает на ценностное к себе отношение. Оно проявляется, прежде всего, в объективном, беспристрастном оценивании заслуг и ошибок школьника, но с учетом его жизненных обстоятельств и индивидуальных особенностей. Согласно нашей позиции, главным субъектом, от которого зависит установление социальной справедливости в педагогическом взаимодействии, является учитель, который, руководствуясь в своей деятельности общественной ценностью социальной справедливостью, интериоризируя ее и трансформируя в личностную ценность, прибегает к социально справедливым проявлениям в отношении учащихся.

В разработанной нами концептуальной модели развития социальной справедливости в педагогическом взаимодействии (см. рис.1) отражена динамика процесса достижения социальной справедливости в педагогической взаимодействия – от обоснования фундаментальных исходных положений ценностно-диалогического подхода как концептуально-методологического, через определение социальных условий, психологических факторов, составляющих, механизмов развития – к определению особенностей достижения ценностно-смыслового равенства и партнерства участников педагогического взаимодействия, установления на этой основе социальной справедливости.



Рисунок. 1. Модель развития социальной справедливости в педагогическом взаимодействии

Представим логику строения *модели развития социальной справедливости учителя в педагогической взаимодействия с учениками*. Согласно нашего понимания, *ценностно-диалогическая парадигма* развития социальной справедливости в педагогической взаимодействия представляет стратегический ценностно-диалогический подход изучения этого явления. Ведущим его положением является признание учителем ценности личности каждого школьника, налаживание с ним конструктивного диалога и на этой основе формирование непредвзятого отношения в вопросах оценки результатов обучения и поведения [3].

Нравственная позиция педагога состоит в том, что каждый ученик для него является не средством решения профессиональных задач, а субъектом образовательного процесса, который заслуживает ценностного к себе отношения. Оно имеет несколько составляющих, среди которых – многогранное познание личности каждого школьника, результатом чего является пониманием его индивидуальных особенностей, мотиваций, действий.

Переживание учителем ценности личности ученика усиливается диалогическим с ним взаимодействием, которое способствует развертыванию психологической равенства между участниками учебно-воспитательного процесса, возникновению взаимного уважения, открытости в отношениях, готовности конструктивно решать спорные вопросы педагогической реальности.

*Диалогическая форма педагогического взаимодействия* предполагает продуктивное общение, когда оба ее участника, каждый по-своему, открывают психологическую реальность друг друга, обсуждают свои мысли, чувства, установки, принимают ценности и ценностные ориентации противоположной стороны. В результате это способствует возникновению у учителей и учеников взаимного понимания их ценностно-смысловых позиций. Диалогические отношения в педагогическом взаимодействии характеризуются своей двусторонностью. Участники учебно-воспитательного процесса, имея собственные интенции, вербализируют свои ценностные предпочтения и активно взаимодействуют, осуществляя взаимообмен субъективными смыслами, которые приписывают явлениям школьного бытия.

Диалогическая форма педагогического взаимодействия предполагает ориентированность учителя на доминанту ученика, а потому актуализирует гуманистическую направленность личности педагога. Он способен осуществлять нравственный выбор в пользу школьника, своими действиями способствовать раскрытию его личности, формированию у него чувства собственного достоинства. Это объективирует *качество (ценность) учителя социальную справедливость*, которое проявляется на всех уровнях иерархической структуры его личности.

Устремляясь на собственную личность, педагог рефлексивует свои ценности, профессиональные качества, педагогические действия. Его представления о себе формируют профессиональную Я-концепцию, где имеет место понимание собственных преимуществ и недостатков как дидакта и воспитателя. В их ряду особое место занимают качества, содержательно приближенные к социальной справедливости. Осознание им своей способности конструктивно взаимодействовать с учениками способствует развитию уверенности в себе, положительному самоотношению, мотивации самосовершенствования.

Мы учитываем то, что справедливость личности педагога обуславливается рядом факторов. Среди явлений, детерминирующих появление и развитие у учителя качества (ценности) социальной справедливости, мы выделяем социальные условия (как социально значимые явления) и психологические факторы (как совокупность личностных образований, обуславливающих гуманность проявлений учителя).

*Социальными условиями* развития социальной справедливости педагога является полисубъектность связей в учебно-воспитательном процессе (что означает взаимодействие его участников как полноправных субъектов педагогического взаимодействия, векторы активности которых задаются их ценностными установками и обстоятельствами педагогического бытия), сотворчество учителя и учащихся (когда через совместный творческий поиск решения педагогических ситуаций осваиваются ценности педагогического взаимодействия, которые становятся идеально представленными в моральном сознании каждого участника и начинают входить в их ценностную систему), демократический стиль педагогического общения (как наиболее оптимальный для установления партнерства и психологического равенства при педагогическом взаимодействии ее участников).

Педагог проявляет социальную справедливость в отношениях с учениками благодаря тем качествам в структуре его личности, которые мы определяем как *психологические факторы* социальной справедливости учителя. Такими есть рефлексивность (как качество, которое позволяет лучше узнать и понять мотивацию и действия учащихся, а также собственное «Я» педагога), ответственность (проявления которой связаны с принципиальным отношением педагога к вопросу объективного оценивания результатов деятельности школьников, выполнения своих профессиональных обязанностей), эмпатийность (которая позволяет педагогу подобрать адекватные для личности конкретного ученика методы вознаграждения или наказания, причем воспринимаются последним как заслуженные и справедливые), толерантность (что побуждает учителя признавать право ученика на собственные представления о моральных ценностях), коммуникабельность

(чтобы учитель мог в понятной для учеников форме вербализировать собственную ценностно-смысловую позицию относительно явлений школьной жизни).

Социальная справедливость педагога как качество входит в структуру его личности. Учитель, осознавая свою субъектность в осуществлении проявлений непредвзятого отношения к школьникам, наполняет собственное *профессиональное «Я»*. Осознание педагогом наличия у себя качества социальной справедливости, учитывая ее многогранность, сопровождается фиксацией и осмыслением ее структурных составляющих и конструкторов последних. *Структура социальной справедливости* педагога как сложного образования включает когнитивно-информационную, эмоционально-ценностную, мотивационно-конативную составляющие. Когнитивно-информационная составляющая включает знания и представления педагога о социальных и моральных нормах педагогического взаимодействия, социальные и моральные убеждения. Эмоционально-ценностная составляющая включает ценностные отношения педагога к ученикам, своей личности, социальным нормам и моральным императивам. Рациональное осмысление последних и их эмоциональное принятие свидетельствуют о наличии у учителя совести. Мотивационно-конативная составляющая представлена моральным выбором учителя на основе социально-нормативной мотивации, социальным и эмоциональным самоконтролем, самоуправлением в педагогических взаимодействиях. Устремляясь на собственную личность, педагог рефлексировывает свои ценности, профессиональные качества, педагогические действия. Осознание им своей способности конструктивно взаимодействовать с учениками способствует развитию уверенности в себе, положительному самоотношению, мотивации самосовершенствования, проявляется в морально направленных педагогических действиях и поступках учителя.

Социальная справедливость личности педагога, в совокупности ее составляющих, обладает способностью развиваться в направлении совершенствования, положительных качественных изменений. Этот процесс обеспечивается «запуском» *психологических механизмов* ценностной рефлексии, социальной идентификации и ценностной саморегуляции, которые мы склонны определять как способы глубинных преобразований в аксиосфере личности учителя. Благодаря активизации *механизма ценностной рефлексии*, через осознание педагогом значимости общественной ценности социальной справедливости, происходит переосмысление им своих нравственных знаний и представлений. Последние трансформируются в личностные и профессиональные ценности, содержательно касаются социальной справедливости, создают благоприятные условия для появления и развития личностной ценности социальной справедливости, которая объективируется в



диалогическом взаимодействии с учениками. *Механизм социальной идентификации* обеспечивает психологическое сближение учителя и учеников. У них, по восходящим качествам, возникает понимание и принятие их ценностно-смысловых позиций. Это дает возможность достичь в педагогическом взаимодействии ценностно-смыслового единства. *Механизм ценностной саморегуляции* предопределяет превращение извне заданных обществом требований к учителю быть справедливым во взаимодействии с учениками во внутренние регуляторы его поведения. Ценность справедливость, которая приобретает личностную и профессиональную значимость для учителя, становится смыслом и мотивом его профессиональной деятельности.

Развитое качество личности учителя справедливость становится основой его *метасубъектной, ценностно-смысловой позиции* относительно явления социальной справедливости в педагогическом взаимодействии. В ценностно-смысловой позиции педагога основополагающим моментом является наличие ценностного отношения к социальной справедливости, в котором сочетаются осознанная учителем социальная норма равенства всех учеников и справедливые действия, соответствующие моральным нормам построения отношений участников социальных взаимодействий. Метасубъектность учителя заключается в отношении к ученику как равноправному партнеру педагогического взаимодействия. Мотивацией педагога становятся не индивидуалистические намерения профессионального самоутверждения, карьерного роста, удовлетворения от властных возможностей и т.п., а интересы учащихся, их успехи, эмоциональное благополучие, интеллектуальный и личностный прогресс, положительная динамика нравственного и социального развития.

Метасубъектность учителя как ценностно-смысловая позиция относительно социальной справедливости проявляется в отношении к ученикам как к партнерам, в диалогической взаимодействия с которыми устанавливается не только психологическое, но и *ценностно-смысловое равенство*. Они вступают в открытые и доверительные отношения друг с другом, имеют равные права в вопросах достижения своих целей в общении и равную ответственность за ход и результат процесса взаимодействия. На центральные позиции учителя и учеников относительно явления социальной справедливости в педагогической взаимодействия влияют ценностно-смысловые ориентации ее участников. Естественно, что они могут не совпадать, поскольку присущи субъектам, имеющим возрастные различия, отличающиеся своим социальным статусом, уровнем образованности, личностного, нравственного развития. При таких условиях диалогизация ценностно-смысловых позиций учителя и учеников очевидна. Налаживание контакта, ведение учителем диалога с

учениками, проявление в нем социальной справедливости личности педагога, действия, которые за этим следуют, – все это способствует постепенному сближению ценностно-смысловых позиций обеих сторон взаимодействия и их монологизации.

Учителя и ученики становятся партнерами, равными в своих правах, не только в текущей педагогической ситуации, но и приобретают равенство ценностно-смысловое, достигая при этом ценностно-смыслового консенсуса, что открывает возможности для полноценного развития различных сторон личности обоих участников педагогического взаимодействия. Реализация идеи ценностно-смыслового равенства учителей и учеников, пронизывает систему их взаимоотношений, приближает к *установлению в педагогическом взаимодействии социальной справедливости*. Это явление мы толкуем как справедливое распределение учителем меры вознаграждений, наказаний, поощрений учащихся в соответствии со взносами, которые они сделали в выполнение учебных заданий и воспитательных установок, с учетом индивидуальных обстоятельств каждого школьника, что обеспечивает возможности самореализации растущей личности, создает условия для ее интеллектуального, личностного, нравственного развития, способствует достижению гармонии в педагогическом взаимодействии.

Таким образом, концептуальная модель развития социальной справедливости в педагогической взаимодействии отражает логику динамики этого процесса. В основе достижения социальной справедливости в педагогическом взаимодействии лежит ценностно-диалогическая парадигма, которая объясняет оптимальность диалогической формы педагогического взаимодействия. В таком формате взаимоотношений учащихся и учителя проявляется социальная справедливость личности последнего как личностное образование, которое детерминировано рядом внешних и внутренних факторов, имеет сложное строение, в своем развитии запускается действием психологических механизмов. В результате появляется метасубъектность учителя как ценностно-смысловая позиция относительно явления социальной справедливости. Она способствует установлению ценностно-смыслового равенства, партнерству учителя и учеников, достижению социальной справедливости в педагогическом взаимодействии. Социальная справедливость как ценность в профессиональной образовательной среде, бесспорно, должна признаваться и обязательно входить в ценностную систему личности педагога, поскольку именно она обеспечивает беспристрастное оценивание действий учащихся, создает возможности для их развития.

### Список использованной литературы

1. Бех И.Д. Воспитание личности: В 2-х кн. Кн.1: личностно ориентированный подход: теоретико-технологические основы: Науч. издание. – К.: Лыбидь, 2003.– 280 с.

2. Дьяконов Г.В. Основы диалогического подхода в психологической науке и практике. Монография. – Кировоград: РИО КГПУ им. В. Винниченко, 2007. – 847 с.
3. Ключек Л.В. Ценностно-диалогическая парадигма развития социальной справедливости в педагогическом взаимодействии // Научный журнал Национального педагогического университета имени М.П.Драгоманова. Серия № 12. Психологические науки: Сборник научных трудов. – К.: НПУ имени М.П. Драгоманова, 2017. – С. 172-182.
4. Мухина В.С. Возрастная психология: феноменология развития, детство, отрочество / В.С. Мухина – М.: Издательский центр «Академия», 2004. – 456 с.
5. Психология подростка. Полное руководство / Под общей редакцией А.А. Реана.– СПб.: Прайм-ЕВРОЗНАК, 2008.– 504 с.
6. Сухомлинский В.А. Учитель – методист – наставник. – М.: Просвещение, 1988.–289 с.

**ҒТАМР 15.31.35**

## **СТУДЕНТТІҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ДАМУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

**КУРКБАСОВА Г.С.**

*Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті, Ақтөбе, Қазақстан*

**Аңдатпа.** Бұл мақалада жоғары оқу орнында білім алатын студенттердің жеке даралық ерекшеліктері туралы, олардың бойында қалыптасатын құндылықтардың жастық шақ кезеңінде негізгі рөл атқаратынын қарастырылған.

Осы кезеңде адамның өз беттілігі өмірге деген дайындығымен анықталып, тұлғаның дүниетанымы, кәсіби іс-әрекетті таңдауы және азаматтылық маңыздылығын нақтылау аяқталып қоймай, түрлі факторлар әсерінен тұлғаның қоршаған адамдармен қатынас жүйесі және өзіне деген қатынас өзгеретінін дәлелдеген. Осы психологиялық ерекшеліктерге байланысты әлеуметтік позицияның әсерінен студенттің қоғамдық пайдалы іс-әрекетке, оқуға деген қатынасы өзгереді. Белгілі бір болашақ мамандыққа деген байланыс қалыптасады.

**Түйін сөздер:** студент, құндылық, студенттік шақ.

**Аннотация.** В данной статье рассматриваются особенности личности студентов, обучающихся в высшем учебном заведении, которые играют ключевую роль в студенческом периоде становления формируемых ценностей.

В этот период самостоятельность человека определяется подготовленностью к жизни, не только завершается мировоззрение личности, выбор профессиональной деятельности и конкретизация важности гражданственности, но и доказали, что от воздействия различных факторов зависит система общения личности с окружающими людьми и отношение к себе. В связи с этими психологическими особенностями, под влиянием социальной позиции изменяется отношение студента к общественно полезной деятельности, обучению. У будущего формируется отношение к определенной профессии.

**Ключевые слова:** юношеский возраст, ценности, студенчество, студенческий возраст.

**Annotation.** This article discusses the features of the personality of students studying in higher education, which play a key role in the student period of formation of the formed values.

During this period, the independence of a person is determined by the readiness for life, not only completed the worldview of the individual, the choice of professional activities and the concretization of the importance of citizenship, but also proved that the impact of various factors depends on the system of communication of the individual with others and attitude. In connection with these psychological characteristics, under the influence of social position changes the student's attitude to socially useful activities, learning. The future is formed with respect to a particular profession.

**Key words:** young age, values, students, student age.

Студент – қазіргі заманымыздың көшбасшысы, ортаның қоғамдағы орның айқын табуға, болашақ дамудың бағыт-бағдарын жүйелі тани білуге ұмтылатын мәдениетті тұлға.

Студент – қоғамымыздың дамуын жалпы ұйымдастыруымен қатар, біріктірілген ерекше әлеуметтік категориядағы адамдардың жиынтығы. Тарихи жағынан алғанда, бұл әлеуметтік-кәсіби категория XI-XII-ғасырларда алғашқы білім беру ұйымдарының пайда болуымен қалыптаса бастады [1, 45].

Әлемде алғаш университеттердің пайда болуымен байланысты «студент» ұғымы қолданысқа енген. Аталмыш ұғым латын тілінен аударғанда «ынтамен еңбек ететін», «ықыласпен білім алатын» деген мағынаны білдіреді.

Студенттік шақтағы даму ересек адамның даму сатыларына сәйкес болады. студенттік шақ «жетілу мен кемелденудің арасындағы өтпелі кезең» ретінде анықталып, «екінші жасөспірім шақ» немесе «ерте ересектік шақ» деп аталады.

Студент тобы қатарына мақсатты және жүйелі түрде білім алуға, әрбір іс-әрекетін саналы бағдарлауға және кәсіби машықтануға ден қойған, ынталы түрде ой еңбегімен айналысатын адамдар жатқызылады. Олар өздерінің кәсіби бағытымен, болашақ мамандығына деген қалыптасқан көзқарасымен, өмірлік ұстанымы мен саналығымен ерекшеленеді.

Жалпы студенттердің жас шамасын және даму заңдылықтарын зерттей келе, жастық кезеңімен пара-пар екенін көруге болады. Жастық кезеңіндегі даму үдерісі біршама өзгеріске түсетіні белгілі. Өйткені жастық шақ жыныстық толысудан басталып, ересектің басталуымен аяқталатын даму стадиясы. Жастық кезеңінде ағзада түбегейлі өзгеріс болады да, ол биологиялық пісіп жетілумен сипатталады: дене және физиологиялық дамудың жаңа кезеңімен қалыптасуына анық байқалады [2,139].

Ағзаның морфологиялық және физиологиялық қайта құрылуы эндокринді жүйедегі өзгеріспен сипатталады. Гипофиз гормоны ішкі секреция бездері мен терінің өсуіне белсенді әсер етеді. Секреция бездерінің жылдам өсуіне байланысты студенттердің дамуында

өзгешіліктер байқалады: денесінің пропорциясы ересек адамға сәйкестенеді, бойдың өсуі, салмақтың артуы, бет пішіні өзгеруі т.с.с.

Л.С.Выготский жастардың психологиялық дамуын тарихи сипатта деп есептеп, 18 жастан 25 жасқа дейінгі аралықты балалық шақтың ақыры емес, ересек шақтың алғашқы буыны деп қарастырады. Ал П.П.Блонский сияқты ол да жастық кезеңнің дамуы, ұзақтығы қоғам дамуына байланысты деді. Демек, тұлғаның психикалық даму ерекшелігі оның өмірінің барысында мәдени, әлеуметтік жоғары психикалық қызметтердің қалыптасуына байланысты. Тарихи даму барысында студенттердің мінез-құлқының әдіс-тәсілдерін өзгертіп қана қоймай, мәдени формалары мен нышандарын түрлендіреді.

Ж.Пиажениң есептеуінше, бұл кезеңде жеке тұлға түрінде қалыптасады да, өзінің өмірлік бағдарламасын жасайды. Осындай бағдарламалармен қоғам тарапынан кездесетін қиыншылықтар мен қарама-қайшылықтар тұлғаны әлеуметтенуге итермелейді.

Хавигхерст жастық шақта тиісті шешімін табатын дамудың алты басты міндетін атап көрсетті:

- 1) өзінің сыртқы келбеті мен іскерлігін қабылдай отырып өз денесін нәтижелі басқару;
- 2) жаңа қарым-қатынас пен біраз жетілген қарым-қатынастың екі жыныстағы құрдастары арасында қалыптасуы;
- 3) ата-аналармен басқа да ересектерге тәуелсіз эмоционалды жетістіктері;
- 4) экономикалық тәуелсіздігін қамтамасыз ететін еңбек әрекетіне дайындау;
- 5) неке және жанұя құруға дайындау;
- 6) әлеуметтік жауапкершілігі мен оны дамытуға деген тілек, жігерінің пайда болуы [3, 56].

Жастық шақтың негізгі ерекшелігі – дамудың бар жақтарын өзгерту. Осы кезеңде адамның өз беттілігі өмірге деген дайындығымен анықталады. Мұнда тұлғаның дүниетанымы, кәсіби іс-әрекетті таңдауы және азаматтылық маңыздылығын нақтылау аяқталады. Факторлар әсерінен тұлғаның қоршаған адамдармен қатынас жүйесі және өзіне деген қатынас өзгереді. Осы әлеуметтік позицияның әсерінен оның қоғамдық пайдалы іс-әрекетке, оқуға деген қатынасы өзгереді. Белгілі бір болашақ мамандыққа деген байланыс қалыптасады. Берілген кезең студенттердің үлкендермен мінез-құлықтың барлық аймақтарында тәуелсіздігін көрсетеді.

Студенттердің өз көзқарасы бар, үнемі өз жетістіктерін өсіріп, кемшіліктерін азайтып отырады. Өз құрдастарының арасында болуға ұмтылыс, оларды белсенді түрде үлкендер арасынан өзі соған ұқсағысы келетін адам іздейді. Жастар тұлғасының индивидуалды дамуы мен қалыптасуы бірінші кезекте белсенді өзара әрекет, яғни қоршаған ортамен әрекеттесу

нәтижесінің арқасында болады. Жас есейе келе адам психологиялық дамуында әлеуметтік фактордың әсері күшейе түседі [ 4, 56].

Қазақ халқының тұжырымы бойынша әр жастың, әр мүшелдің өзіне лайық мінез-құлқы, ойлау жүйесі, өмірге деген өзіндік көзқарасы, арман-тілегі болатынын атап өткен. Мәселен, Майлықожа, Шал Құлекеұлы, Ақан сері, Абай, Ы.Алтынсарин т.б. өлең-термелерінде, шығармаларында жастық шақтың негізгі ерекшелігіне шолу жасап өткен. Тұлғаның психикалық ерекшеліктері туралы жалпы мәселесін қарастырған М.М.Мұқанов, Қ.Б.Жарықбаев, М.Қ. Бапаева, Ш.Т. Сатиева еңбектерінде көрініс тапқан.

Әлемнің екінші ұстазы Әбу Насыр әл-Фараби еңбектерінде жастардың психикасының дамып, жетілуі оның тіршілік қажеттілігінен туындап отыратындығын ескертеді.

Ұлы ақын Абай өзінің ұлағат пен тағылым туралы қырық бес қара сөзінің жетінші және оныншы қара сөздерінде адамның жас ерекшеліктеріне сай болмыс-бітімі, ақыл-парасаты туралы ойын жүйеленген.

Ы.Алтынсарин шығармаларында жастардың жеке тұлға ретінде қалыптасуы тәрбиеден, әлеуметтік ортамен қарым-қатынасының жүйелі бағып-қағудан және таным әрекеттерінің мүмкіндіктерін ескертуімен анық суреттеледі. Жас ерекшеліктерін ескере отырып, олардың жан дүниесі мен дүниетанымына әсер ету арқылы адамгершілігі мол, ізгі ниетті, зейінді де зерделі, білімді тұлға болып дамуын көздеді.

Профессор М.М.Мұқанов «Жас және педагогикалық психология» оқу құралында қазақ еліндегі адамдар өзге халықтар сияқты балалары қай жасында нендей өзгерістерге ұшырайтынын бақылап, жас кезеңдеріне сәйкес тәлім-тәрбие мен өмірлік бағдар құрап отқан.

Профессор Қ.Б. Жарықбаев «Қазақ психологиясының тарихы» атты еңбегінде ежелгі түрік ғұламаларының, қазақ ақын-жырауларының толғауларында адам ғұмырының жас ерекшеліктері туралы пайымдауларына талдау жасаған. Мәселен, «Ақыл – жастан», «Жастық – жалын», «Болымдының баласы он бесінде баспын дер» секілді қанатты сөздер жастық шақ – адамның ақыл-ойы қауырт өсетін, жаңашылдыққа аса құштар, албырт сезімталдық кез екенін дәл бейнелейді. Бұл кезеңнің басты белгісі – жаны мен тәнінің сапалық, сандық жағынан үлкен өзгеріске ұшырайды. Халық даналығы жастарға қызығы мол дәурен шақтың қайтып оралмайтын, іздесең де табылмайтын өмір дей келе, жастарды бұл кезде білім мен ілімді, өнердің сан алуан қырларын игеруге шақырады.

Адам психологиясын жетік, сырлы әндерімен бүкіл қазақ халқына танылған өнер иесі Ақан серінің «Қыз сипаты» өлеңінде жастық шақтағы бойжеткен қыздардың жеті түріне өзіндік психологиялық мінездеме береді. Қазақ халқымыз бойжеткен қыздарымызды көздің қарашығындай сақтап, әлпештеп, жаны мен арының таза, мінезі жібектей көркем болуының

қадағалап, сонымен бірге «қызды қырық үйден тыйым» салу керектігін де ұмытпаған. Қазақ даналығының барлық пайымдаулары жастық шақта өзінің ішкі жан дүниесіне үніле түсуі, құрбы-құрдастарымен қарым-қатынас жасауға аса ынталы болуымен қатар, ақыл-ойының толысуы да осы жастағыларға да тән екенін көрсетеді.

Студент тұлғасын зерттеуші ғалымдар: В.А.Попков, А.В.Коржуев, С.Д.Смирнов, оның ішкі дүниесі қарама-қайшылықты, өз бойында жоғары мәдениеттілікті қалыптастыруда өзінің ерекшеліктерін түсінуде көп қиыншылықтарға кездесетінін атайды.

Жастық кезең адамның сондай-ақ интеллектуалдық және физикалық жағынан дамуына әсер ететін көптеген факторлардың пайда болуымен де ерекшеленеді. Алайда бұл мүмкіндіктерді жүзеге асыруда қайшылықтар да көп кездеседі. Бір жағынан, дамылсыз артып келе жатқан шығармашылық мүмкіндіктер, интеллектуалдық және дене күштерінің дамуы жоғары оқу орны студенттерінің сыртқы бет-бейнесінің өсе түсуімен қатар келсе, екінші жағынан, мұның барлығы өмір қызығының алда екендігіне, кез-келген ойға алған нәрсені тез жүзеге асыруға болатындығына және осындай жағдай «өмір бойы» бола береді деген иллюзияға әкеледі.

Білім беру ұйымындағы оқу кезеңі жастықтың екінші кезеңімен немесе кемелденудің бірінші кезеңімен сәйкес келеді және тұлғалық ерекшеліктердің орнығуындағы қиындықтармен ерекшеленеді. Бұл кезең В.Г.Ананьев, А.В.Дмитрев, И.С.Кон, В.Т.Лисовский, З.Ф.Есарева және т.б. ғалымдардың еңбектерінде талданған. Бұл кезеңдегі адамгершілік дамудың өзіне тән ерекшелігі деп тәртіптің саналы мотивтерінің көбеюін айтуға болады. Бұл кезеңде жоғары сыныптарда толық меңгерілмеген алдына мақсат қоя білу, табандылық, қайсарлық, дербестік, ынталылық, өзін-өзі ұстау сияқты қасиеттер біршама орнығады. Мораль проблемасына деген қызығушылық артады (мақсаттарға, өмір сүруге, махаббатқа, парызға, сенімге және т.б.)[5].

Сонымен қатар психология және физиология саласының мамандары адам қабілеті өз мінез-құлқын саналы түрде 17-19 жаста толық түрде меңгере алмайтынын атап көрсетеді. Себепсіз қауіп-қатерге бару, өз әрекеттерінің нәтижесін көре алмау сияқты негізсіз іс-қимылдар көптеп кездеседі дейді олар. Мысалы: В.Т.Лисовский 19-20 жасты риясыз құрбандық пен қайырымдылықтың кейбір ұнамсыз көріністері түрінде кездесетін кезең деп атап көрсетеді.

Жоғары мектеп жасынан жастық кезеңге өту кезі қиыншылықтарға және дағдылы өмірлік қатынастарды өзгертуге әкеледі. Бұл қайшылықтар әлеуметтік-психологиялық сипатқа ие. Бұған жоғары оқу орны студенттерінің интеллектуалдық және дене күшінің

шарықтауы мен оның өспелі қажеттілігін қанағаттандырудағы уақытының жетіспеуін, экономикалық мүмкіндіктерінің шектеулілігі арасындағы қайшылықты жатқызуға болады.

Жастық кезеңдегі өз бетімен жасалатын әрекеттер нақты практикалық сипатқа ие. Бір жағынан, теориялық білімдер практикалық сабақтарда пайдалану арқылы тексерістен өтсе, екінші жағынан абстракцияланған теория жүзіндегі білімнің практикада, күнделікті өмірде, тіпті тұрмыста қажеттілігі анықталады.

Бұл жас аралығының адам өміріндегі маңыздылығы мен жауаптылығын баса көрсете отырып, К.Д.Ушинский адам өміріндегі 16-23 аралығын ең шешуші кезең деп есептейді. Бұл кезең жеке көзқарастардың қалыптасуы аяқталып ақыл-ой мен мінезді бағыттау деңгейіне жетеді.

Студенттердің басты құрылымдары – өзіндік рефлексия, өз даралығын ұғыну, өмірлік жоспарларының пайда болуы, өзін-өзі билеуге деген дайындық, өз өмірін саналы түрде құру мақсаты, өмірдің әр түрлі салаларына біртіндеп кірігу.

Сонымен қорыта келе, кез келген студент өзінің өмір сүруіндегі мәнділік пен шындықты іздейді, өзінің біртұтастылығын игеруге талпынады, басқалар арасында өз орнын табуға тырысады. Әсіресе, бұл кезеннің ерекшелігі жастық шақта қарым-қатынас пен тұлғааралық қатынастар жастардың өмірінде ерекше үлкен орын алады және олар үшін дербес құндылық болып табылады.

### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі**

1. Золотнякова А.С. Проблемы психологии общения (социальный и личностные типы общения, их профессиональные, познавательные и генетические аспекты). - Ростов-на-Дону, 1976.- 256 стр.
2. Ш. Сатиева. Даму психологиясы. Оқу құралы. – Астана: Фолиант, 2012. – 232 бет.
3. М.К.Бапаева. Даму психологиясы: Оқулық. – Алматы: 2014. – 440 бет.
4. Райс Ф. Психология подросткового и юношеского возраста. - СПб., 2000.
5. Кон И.С. Психология ранней юности. Книга для учителя. -М., 1989



## ҒТАМР 14.35

### ҚҰЗЫРЕТТІЛІК - БОЛАШАҚ МҰҒАЛІМНІҢ КӘСІБИ САПАСЫ РЕТІНДЕ

**А.Б. НАРЕНОВА**

*Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті, Ақтөбе, Қазақстан*

**Аңдатпа.** Мақалада мұғалімнің құзыреттілігін қалыптастыру мен құзырет түрлері қарастырылған. Мұғалімнің құзыреттілігін қалыптастыру - бүгінгі білім беру саласының өзекті мәселелерінің бірі. Құзырлылық тәсіл, білім сапасын арттыруды дәстүрлі тәсіл мен білім мазмұнын ұлғайту арқылы шешудің арасындағы карама-қайшылықтан туындаған дағдарыстан шығудың бір жолы деп қарастыруға болады. Бұл тәсіл білім берудің нәтижесіне басты орын береді. Оның сапасы алған білімнің көптігінен емес, сол білімді қолдана білумен маңызды.

**Түйін сөздер:** құзыреттілік, ақпараттық, коммуникативтік, әлеуметті-құқықтық құзырет, арнаулы құзырет, құзырлылық, педагогикалық қызмет.

**Аннотация.** В статье рассматривается формирование компетенции учителей и виды компетентности. Формирование компетенции преподавателей является одним из актуальных вопросов современного образования. Конкурентоспособность можно рассматривать как один из способов преодоления кризиса, вызванного противоречием между улучшением качества знаний по традиционному подходу и повышенному содержанию. Этот подход фокусируется на образовании. Его качество важно не только из-за обилия знаний, которые он приобретает, но и для способности применять эти знания.

**Ключевые слова:** компетентность, информационная, коммуникативная, социально - правовая компетенция, специальная компетентность, педагогическая деятельность.

**Annotation.** The article considers the formation of the competence of teachers and types of competence. Formation of the competence of teachers is one of the topical issues of modern education. Competitiveness can be considered as one of the ways to overcome the crisis caused by the contradiction between improving the quality of knowledge in the traditional approach and increased content. This approach focuses on education. Its quality is important not only because of the abundance of knowledge that it acquires, but also for the ability to apply this knowledge.

**Key words:** competence, information, communicative, social and legal competence, special competence, pedagogical activity.

Білім мен ақпарат үстемдік құрған қоғамда білім беру жүйесі инновациялық экономиканың негізгі бөлігі болып табылады. Қатаң талаптары қалыптасып келе жатқан инновациялық экономика қай салада болса да, бүгінгі маманның құзыреттілігін, яғни өз саласы бойынша ой-пікірінің қалыптасуын, кәсібилігін, өмірдің өзгермелі жағдайына бейімділігін, оған сай өз білімін пайдалану ғана емес, оны қажеттікке қарай толықтырып отыруды талап етеді.

Мұғалімнің құзыреттілігін қалыптастыру - бүгінгі білім беру саласының өзекті мәселелерінің бірі. Құзырлылық тәсіл, білім сапасын арттыруды дәстүрлі тәсіл мен білім мазмұнын ұлғайту арқылы шешудің арасындағы қарама-қайшылықтан туындаған дағдарыстан шығудың бір жолы деп қарастыруға болады. Бұл тәсіл білім берудің нәтижесіне басты орын береді. Оның сапасы алған білімнің көптігінен емес, сол білімді қолдана білумен маңызды.

Мұғалімнің басты рөлі - тұлғаның жеке дамуына негізделген, жан-жақты зерттелетін, сараланған білім беру үлгісінің басым бағыттарын айқындау, нәтижесінде еліміздің әлемдік өркениетке негізделген білім саясатының стратегиялық мақсаттарын жүзеге асыру. Осыған орай, нәтижеге бағытталған жалпы орта білім берудің жаңа жүйесіне ауысу білім беруді басқару жүйесіндегілерден мұғалімдердің кәсіби біліктілігін арттыруда жаңаша көзқарасты, ал мұғалімдерден негізгі кәсіби құзырлылықтарын дамытуды талап етеді. Білім беру саласын ізгілендірудің басты бағыттарының бірі - белсенді оқыту түрлері мен әдістерін жетілдіру. Ескі мазмұнды ығыстыра отырып, елімізде білім берудің ұлттық үлгісі қалыптасуда. Әлемнің оқыту технологиялары жоғары дамыған елдерінің (Жапония, Германия, Голландия) тәжірибесіне назар аударсақ, түпкі мақсаты-баланы жеке тұлға ретінде қалыптастыру, яғни, бірінші орында баланың білім, білігі мен дағдысы емес, жеке тұлғаның білім алу арқылы дамуын қояды. Осы мақсатқа орай, бүгінгі педагогика ғылымында жаңа оқыту технологиялары: дидактикалық біліктерді шоғырландыру, ізгілікті-тұлғалық бағдарламалар, дамыта оқыту, мәселелік, тірек сигналдары арқылы, деңгейлеп саралап оқыту, өздігінен ізденіп даму, оқытудың компьютерлік, модульдік технологияларды ғылыми тұрғыда дәлелдеп, баламен бірге жұмыс жүргізіп жүзеге асырушы мұғалім [1, б 7].

Алла Федровна Присяжная педагогика ғылымында құзыреттілік - тұлғаның белгілі бір сферадағы функциялары мен уәкілеттігін анықтайтын, оның интегративті қасиеті ретінде қарастылатындығын айтады.

Жалпы алғанда, «құзыреттілік» ұғымы жайлы ғалым К.Құдайбергенова «Құзыреттілік ұғымы - соңғы жылдары педагогика саласында тұлғаның субъектілік тәжірибесіне ерекше көңіл аудару нәтижесінде ендіріліп отырған ұғым. Құзыреттіліктің латын тілінен аудармасы «competens» белгілі сала бойынша жан – жақты хабардар білгір деген мағынаны қамти отырып, қандай да бір сұрақтар төңірегінде беделді түрде шешім шығара алады дегенді білдіреді» деп көрсетеді.

Бұл жайлы Б.Тұрғынбаева «...өзінің практикалық әрекеті арқылы алған білімдерін өз өмірлік мәселелерін шешуде қолдана алуын – құзырлылықтар деп атаймыз» деп анықтаса, Ресей ғалымы Н. Кузьминаның көзқарасы бойынша, «Құзырлылық дегеніміз – педагогтің басқа бір адамның дамуына негіз бола алатын білімділігі мен абыройлылығы».

Ш.Таубаева: «Құзыреттілік - ол тұлғаның оқыту мен әлеуметтену процестері барысында меңгерген білім мен тәжірибеге негізделген, оның жалпы қабілеті мен іс-әрекетке даярлығы ретінде айқындалатын, тұлғаның кіріктірілген қасиеті» -деп қарастырылады.

Негізгі құзыреттілік сала ерекшелігіне қарамастан барлық мамандар бойынан табылу керек деп қарастырылған, себебі құзыреттілік маман біліктілігінің негізін құрайды, оның ішінде: ақпараттық, коммуникативтік, әлеуметті-құқықтық құзырет, арнаулы құзырет.

Ақпараттық құзырет – мамандардың компьютерлік білімділігі, жаңа ақпараттық технологияларды қолдана алу (мультимедия, электронды пошта, интернет) мүмкіндігі.

Коммуникативтік құзырет – бірлесіп жұмыс істеуді бағалау, адамдар арасындағы сенімділік, бірін-бірі түсіну, тыңдау, сыйлау, этикет сақтау, дәстүрді білу, дау жан-жалды шеше алу, бұзылған қатынастарды түзету, өз. қателігін түсіне білу, топпен жұмыс жасай алу, орындаушылардың жұмысын дұрыс ұйымдастыру, басқару шешімдерін таба алу және қолдана білу қабілеттері.

Әлеуметті-құқықтық құзырет - өз елінің азаматы ретінде өзінің және қоғам мүшелерінің әлеуметтік қызметтерінің маңызын түсіну, қоғамдық міндеттерге тұрақты қарау, мемлекет нышандарын білу, адам құқығын жете білу, қажетті жағдайларда оларды қолдану, өзіне жауапкершілік арту жатады.

Білім алушылардың іс-әрекетін белсендіруге және қарқындандыруға негізделген технологиялардың бірі «Проблемалық оқыту». Ерекшелігі: білім алушыны өз бетімен ізденуге үйрету, олардың танымдық және шығармашылық икемділіктерін дамыту, білетіні мен білмейтінінің арасындағы қайшылықтарды ашу әрі проблемалық міндеттер қою. Проблемалық оқытудың қалыптасу тарихына үңілсек, Сократ өзінің шәкірттерін логикалық ойлауға, зерттеулердің нәтижелерін табуға бағыттап отырған. Ж. Руссо білімді игеру үшін ситуациялар қою арқылы жүзеге асырған. Проблемалық оқытудың ең керекті әрекеті ізденіс болса, соны өз тәжірибесінде кеңіне қолданған ғалымдар қатарында И.Г.Песталоцци мен А.Дистервегтің еңбегі зор. Проблемалық оқытудың басқалардан айырмашылығы - білім оқушыларға дайын күйінде хабарланбайды, керісінше олардың алдына өзбетінше шешуге проблема қойылады. Іздену әрекеті барысында білімді оқушылардың өздері табады. Сабақ соңында байқалғаны, осы проблемалы тапсырмалар оқушы сезіміне молырақ әсер етіп, олардың қызығушылығын, білімге іштей құмартушылығын арттырды. Қызығушылық оқушыны өздігінен ізденуге жетелейді. Ізденіссіз шығармашылық ойлау жоқ. Проблемалық тапсырма нәтижесі оқушының өз бетінше еңбектенудегі дағдысы мен қабілеті, іскерлігінің жетілген, ең жоғары дамыған саты деуге болады. Кәсіптік құзіреттілікті жетілдіруде мамандық бойынша жүргізілетін тәрбие жұмысы да ерекше роль атқарады. Сабақтан тыс

өткізілетін іс-шараларда оқушылар өз мүмкіндіктерін барынша пайдаланып, болашақ маман ролін жоғары деңгейде орындауға тырысады.

Арнаулы құзыреттілік - оқу орны түлегі моделі белгілі бір өндіріс, ғылым, мәдениет саласындағы жұмысшы құзіреттілігін сипаттай алуы. Сондықтан әр оқушының өз мамандығына байланысты арнаулы құзіреттілігін анықтау қажет. Арнаулы құзіреттілік - маманның сала ерекшелігіне байланысты кәсіби мәселелерді шешу, білім және іскерлік деңгейін көтеру сияқты қабілеттермен байланысты. Педагогикалық қызмет табиғатында шығармашылықты талап ететіні белгілі принцип. Адамның шығармашыл мүмкіндіктерінің дамуы тұрғысынан интеллектуалды, эмоционалық, рухани потенциалын жетілдіруге, тануға ұмтылуға нақты жағдай туғызады. Осыған байланысты ұстаздардың кәсіби дайындығының мақсаты да өзгереді. Кәсіби құзыреттіліктің қалыптасу процесі кәсіби білімнің, біліктің, іс-әрекеттің қалыптасуы мен ұстаздың жалпы мәдени дамуын, өзінің көзқарасының және тұлғалық кәсіби құнды қасиеттердің қалыптасуын қамтиды [2, б 18-22].

Мұғалімнің кәсіби құзыреттілігі күнделікті педагогикалық қызметте танылады және іске асады. Мұғалімнің кәсіби құзыреттілігі деп, біз өзара байланысты үш компоненттен тұратын тұлғаның қасиеттерін түсінеміз:

- педагогикалық қызметте жүзеге асатын кәсіби білім;
- кәсіби біліктілік;
- мұғалімнің кәсіби құнды қасиеттері;

Бұл үш компонент мұғалімнің тұлғасын дамыту мақсатымен біріктірілген, сонымен қатар әр компонент педагогикалық қызмет үрдісінде бірде алғышарт, бірде құралы, бірде нәтижесі болып қызмет атқарады. Кәсіби құзіреттілікті қалыптастыру үрдісі кәсіби білім, білік, дағдыны қалыптастыру, педагогтің жалпы мәдени дамуын, оның тұлғалық көзқарасын және кәсіби маңызды сапаларын қалыптастыруды білдіреді.

Еуропада, Ұлыбританияда, АҚШ-та кеңінен таралған *education* термині (образование дегенді білдіреді) «образ» деген түбірі жоқ, алайда білім беру процесіне қатысушылардың өзара әрекеттесуінің барлық аспектілерін қамтып, мазмұны бойынша кең ұғым болып табылады. Сол себепті білім беру оның мәдени сәйкестілігіне байланысты қоғамның әлеуметтік - мәдени құндылықтарын интернационалдандыру ретінде оқыту мен тәрбие беруді өзара қосады. Сонымен бірге, оқыту мен тәрбие берудің өзара байланысы бұл процесте ажыратылмайды. «Тәрбие беру де, білім беру де ажыратылмайды, - деп Л.Н. Толстой ерекше атап өткен. Білім бермей тәрбие беруге болмайды, ал кез-келген білімнің тәрбиелеуші әсері бар». Бұл ойды ХҮІІІ ғ. аяғында И.И. Бец ерекше атап өткен. Соған сәйкес, білім беру шын мәнінде сырттан басқарылатын өзін-өзі оқыту болып табылып, яғни мәдениет бейнесі және оны ұдайы өндіру бойынша «МЕН» бейнесін жасау үш өзара

байланысты тұрғыдан алынады: білім беру жүйесі; «қазіргі заманда жастарға білім беру» немесе нақты адамға білім беру, оның біліктілігін назарға ала отырып, осы процестің жеке немесе ұжымдық нәтижесі ретінде қарастырылады.

Білім беру нәтижесі екі тұрғыдан қарастырылады:

Біріншісі – бұл нақты білім беру жүйесі арқылы алынатын және білім беру стандарты формасында тіркелетін нәтиженің бейнесі. Қазіргі замандағы білім беру стандарттары оқытудың белгілі бір курсына өту үстіндегі адамның тұлғалық сапасына, оның білімі мен икемділігіне қойылатын талаптарды қамтиды. Стандарттың мазмұны, әлеуметтік мәдени тәжірибенің идеалды формада сақталатынына әлбетте қол жететін көрнісі екені мәлім.

Екінші тұрғыдан білім берудің нәтижесі бұл белгілі бір білім беруші жүйеде оқытудан өткен адамның өзі. Интеллектуалды, тұлғалық, мінез-құлықтық қасиеттерінің қалыптасқан жиынтығы ретіндегі оның тәжірибесі оған кез-келген жағдайда адекватты әрекет жасауға мүмкіндік береді. Бұл тұрғыдан білім берудің нәтижесі білімділік болып табылады, ол жалпы және кәсіптік-мазмұнды бола алады. Осылайша, мектеп тұлғаларының жалпы білімділігін қалыптастырады. Кез-келген жоғары оқу орнының түлегі осы негізде арнайы кәсіптік білімімен сипатталады. Адамды білімді ететін терең және жүйелі білім беру өмір ағымының ауыспалы кезеңдерінде сенімділік, бәсекеге қабілеттілік және өзінің ар-намыс сезімінің негіздерін салады.

Педагог іс-әрекеті білім саласында кәсіби міндеттерді шешуге бағдарланады. Шешім мақсатты айқындаудан, іс-әрекет мотивіне түрткі болудан басталады. Мақсаттылық - іс-әрекеттің алғашқы кезеңі, екінші кезең іс-әрекет бағдарламасын жоспарлау, жобалау. Іс-әрекет бағдарламасын құру үшін, қандай әрекеттер және қандай оқыту процесінің афференттік синтезінен өткізу қажет. Нәтижесінде әрекет бағдарламасы – педагог іс-әрекетінің моделі пайда болады. Іс-әрекетін бағдарлау педагогтың интеллектуалдық қабілетіне байланысты, қандай білім мен іскерліктерді игерген, педагогтың кәсіби міндеттерін эвристикалық жолмен шеше алуы, оқыту технологияларын қаншалықты меңгергендігіне байланысты айқындалады. Іс-әрекеттің бұл кезеңі педагог құзыреттілігінен шешіледі [3, б 23-26].

Құзырет - өкілетті қызмет адамы, сол салада оның сәйкес білімі, танымы болуы қажет және жауапты шешімдерді қабылдауға құқылы.

Құзыреттілік - жұмыскердің өз білімі, біліктілігі және дағдылары негізінде нақты кәсіп аясында жоғары сапалы және мөлшерлік еңбек нәтижелеріне жету үшін нақты жұмыс түрлерін білікті атқара алу қабілеті.

Біліктілік - адамның қандай да бір кәсіби - еңбек қызметін орындауға деген дайындық деңгейі немесе біліктілік - кәсіпті меңгеру деңгейі. Біліктілік мінездемесі - қандай да бір біліктілік деңгейі бар нақты бір кәсіп маманы оны игеруге қажет білім, білік және дағдыларға қойылған талаптар тізімі белгіленген мемлекеттік құжат.

Кәсіби оқытушы педагогының құзырлығы жоғары, әлеуметтік тұрғыдан жетілген, әдіс-тәсілдерді меңгерген, шығармашылықпен жұмыс істейтін, өзін-өзі кәсіби жетілдіруге ұмтылған маман. Мұғалім, педагог мамандығы, зиялылар ішіндегі көп топтасқан мамандықтардың ірі тобына жатады. Білім беру жүйесінде педагогтар мемлекеттік қызметкерлер болып табылады. Педагог өз мамандығының сапасын, біліктілігін арттыруды психологиялық тұрғыдан қамтамасыз етуі үлкен роль атқарады. Педагогтың іс-әрекеті көбінде оның кәсіби шеберлігінің кеңістігіне қатысты, педагогикалық қарым-қатынас механизмдеріне, оқушылардың (студенттердің) психологиялық ерекшеліктерінің табиғатына да байланысты. Педагогикалық іс-әрекеттің дамуының жоғары деңгейі мынада - педагог өзін-өзі дамыту механизмдерін қалыптастыруға мақсат қояды және оқушыларға (студенттерге) өз қабілет-қарымы бойынша даму бағыттарын ұштайды. Кәсіби оқытушы педагогтың іскерлігінің негізгі бағыты болашақ мамандардың кәсіби білімін (теориялық және тәжірибелік) жетілдіру болып табылады. Кәсіби білім педагогы педагогикалық іскерлікке даярлықтан басқа кәсіби оқыту мекемесінде кадрларды дайындауға арналған халық шаруашылығының маманы болып табылады. Кәсіби оқыту педагогының кәсіби іскерлігінің мазмұны оның еңбегінің педагогикалық және инженерлік интегралмен анықталады [4, б 182].

Маман - педагог оқыту үрдісінің білім беру саласы, мәні, мағынасы және құрылымы туралы білім жүйесін білуі керек. Сондықтан осы бағытта педагогтың субъективтілік қасиеттерін құрылымдық көрсетілуімен тұлғалық сапалары қарастырылады. Алғаш рет педагогтың субъективтілік қасиеттерін құрылымдық көрсетуге әрекет жасаушының бірі П.Ф. Каптерев деп санауға болады. Ол объективті және субъективті қасиеттерді, факторларды бөліп, олардың жоғарыдан төмен дамуын (иерархиясын) ұйғарды. Жалпы алғанда, келесі түрде көрсетілуі мүмкін:

Кесте 1. Педагогтың жалпы қасиеттері

<i>Педагогтың жалпы қасиеттері</i>	
<i>АРНАЙЫ</i>	<i>ТҰЛҒАЛЫҚ</i>
Объективтік (мұғалімнің ғылыми дайындығы)	Адамгершілік - еріктік қасиеттер
Субъективтік (жеке мұғалімдік талант)	

Н.В. Кузьмина бойынша, субъектілік факторлар құрылымы: табиғаттылық типін, қабілеттер деңгейі мен құзырлықты қамтиды, оларға арнайы-педагогикалық, әдістемелік, әлеуметтік-психологиялық, дифференциалды-психологиялық, аутопсихологиялық құзырлық жатады. Осы факторлық құрылымның үш негізгі құрастырушысы айқын: тұлғалық, даралық (немесе даралық-педагогикалық) және кәсіби-педагогикалық. А.К. Маркова бойынша, субъектілік қасиеттер құрылымы келесі сипаттама блоктарымен көрсетілуі мүмкін:

## Кесте 2. Субъектілік қасиеттер құрылымы

<i>Субъектілік қасиеттер құрылымы</i>	
<i>объективтік сипаттамалар</i>	<i>субъективтік сипаттамалар</i>
- Кәсіби, психологиялық, педагогикалық білімдер - Кәсіби іскерліктер	- Кәсіби психологиялық позициялар, ұстанымдар - Тұлғалық ерекшеліктер

Сонымен, білім беруде кәсіби құзырлы маман иесіне жеткен деп мамандығы бойынша өз пәнін жетік білетін, оқушының шығармашылығы мен дарындылығына жағдай жасай алатын, тұлғалық - ізгілік бағыттылығы жоғары, педагогикалық шеберлік пен өзінің іс-қимылын жүйелілікпен атқаруға қабілетті, оқытудың жаңа технологияларын толық меңгерген, отандық, шетелдік тәжірибелерді шығармашылықпен қолдана білетін кәсіби маман педагогті атаймыз.

## Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Таубаева Ш. Педагогика әдіснамасы : (оқу құралы) – Алматы : Қарасай, 2013. – 432 б.
2. Зимняя И.А. Педагогическая психология. М-2000г. – 240стр..
3. Якунин В.А. Педагогическая психология. М-1998г. – 349 стр
4. Басова Н.В. Педагогика и практическая психология. Ростов-на-Дону 2000г. – 412стр.

ҒТАМР 14.35

## ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫНДА

### БОЛАШАҚ МАМАНДАРДЫ ДАЯРЛАУДЫҢ НЕГІЗГІ АСПЕКТІЛЕРІ

**К.О. Өмірбаева**

*Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті, Ақтөбе, Қазақстан*

**Аңдатпа.** Білім беру дамуының бағыттарының бірі заманауи педагогикалық мамандарды сапалы даярлау болып табылады. Мақалада жоғары талап деңгейінде қалыптасқан бәсекеге қабілетті маман дайындау және олардың білімі мен тәрбиесінің сапасын арттыру туралы жазылған. Сонымен бірге кафедрада бәсекеге қабілетті маман даярлау бағытында жүргізілген жұмыстар баяндалған.

**Түйінді сөздер:** тәрбие, білім, әлеуметтік қоғам, адамгершілік, бәсекеге қабілеттілік, құндылық, ұлттық тәрбие, рухани даму.

**Аннотация.** Одним из важных направлений развития образования является подготовка современных педагогических кадров. В статье рассматриваются вопросы о качественной подготовке конкурентноспособных специалистов, которые формируются на основе требования высшего уровня. Также рассматривается вопрос о проделанной работе кафедры в направлении подготовки конкурентноспособных кадров.

Ключевые слова: воспитание, знание, социальное общество, гармоническое развитие, нравственность, конкурентноспособность, ценность, национальное воспитание, духовное развитие.

**Annotation.** One of the important directions of education development for us is training of modern teachers. The article considers the issues of quality training of competitive specialists which are formed on the basis of the requirements of the highest level. Also the question of the done work of the Department in the direction of the training of competitive personnel is considered.

**Key words:** morals, values, education, knowledge, competitive, social society, national education and spiritual development

XXI ғасыр ең жоғары технологиялардың, білімнің, ғылымның ғасыры. Қазіргі кезеңде білім мен ғылым билеген қоғам ғана бәсекелестікке төтеп бере алады. Жас мамандарды дайындау мәселесі қоғамның әр саласында білім берудің ұлттық моделінің қалыптасуымен, Қазақстанның білім беру жүйесін әлемдік білім беру кеңістігіне кіріктірілуімен сипатталады. Қазақстанның әлеммен терезесін теңестіруі үшін аса маңызды қажеттілік – білім, ғылым саласын жандандыру. Жас мамандарды оқыту мен тәрбиелеу үшін заманауи білім беру мәселесі жас мемлекет үшін ауадай қажет. Оқытудың парадигмасы өзгеріп, білім берудің мазмұны жаңарып, жаңаша көзқарастар пайда болды. Ұстаздар қауымына да жоғары деңгейдегі мақсат – міндеттер қойылып, оқытудың әдіс-тәсілдерін жаңартып отыру және озық технологияларды меңгеріп, оны тиімді қолдана білу талаптары қойылып отыр. Жоғары



технологиялардың дамыған заманында ең басты мақсатымыздың бірі – бәсекеге қабілетті, білімді маман тәрбиелеу. [1,13].

Қазақтың кемел талантты ұлы ұстазы Ахмет Байтұрсынов: «Елді түзетуді оқыту ісін түзетуден бастау керек» - деген. Сондықтан да ЖОО-да да ұстаздарға қойылатын жоғары деңгейдегі басты мақсат – еліміздің әлеуметтік, экономикалық және саяси өміріне белсенді қатысуға дайын, бәсекеге қабілетті маманның қалыптасуына ықпал етіп, оның білімі мен тәрбиесінің деңгейін арттыру, мәдениеті мен кәсіби шеберлігін шыңдау. Олар орыс және ағылшын тілдерін білуге тиіс, оларды оқыту нәтижесінде сындарлы ойлау, өзіндік ізденіс пен ақпаратты терең талдау машығын игеру жұмыстары жүргізіледі. Батыстың дамыған елдерінде білім алушылардың интеграциялау икемділігін қалыптастыру, білімді әртүрлі өмірлік ситуацияларға көшіре білуі және қолдана алу міндеттері ерекше есепке алынып отырады. Негізгі аспектілер- бұл педагогтың өзінің тәжірибелік іс-әрекетінде және мінез-құлқында басшылыққа алатын негізгі бастапқы жағдайлары, көзқарасы, жұмыс тенденциясы, бағыттары. Білім алу кезіндегі білім алушының позициясы мен оның өз іс-әрекетіне қазақ халқының мәдениетін, Қазақстан халықтарының және әлем мәдениетін түсінуі және бағалауы; - өзінің бәсекелестік қабілетін арттыру үшін өзін-өзі билеуге және кәсіби өсуге ынталы болуы; - өзінің дене күш қуатын, ақыл-ой қабілетін және жалпы өмірлік әрекетін жоғары деңгейде ұстап тұру үшін салауатты өмір салтын сақтауы жатады.

Осы бағытта жоғары оқу орындарында болашақ мамандарды даярлауда кәсіби қоғамдастық шеңберінде, тәрбиеші тәлімгерлік жүйесін көздейтін басқа да іс- шаралар аясында ынтымақтастық орната білулері керек. Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар саласында мықты дағдыларды игеріп, оқытудың тиімді құралы ретінде пайдалану әдістемелерін меңгеріп, сондай-ақ, оқу үдерісін бақылауда ақпараттық-басқару жүйелерін тиімді қолдана білуі керек. Сонымен қатар рухани-адамгершілік құндылықтарын дамыту және оқудың функционалдық дағдыларын қалыптастыру қарастырылады.

Сапалы білім беру тұрғысынан келу қазіргі үздіксіз білім беру, соның ішінде кәсіби білім беруде, білімді дамытудың келесі тенденцияларын айқындайды. Біріншіден, үздіксіз білім берудің жалпы жүйесінде өздігінен білім алу кезеңдерінің мәнділігі. Білім берудің қазіргі кезеңінде білім алушылардың өзбетіндік, танымдық және практикалық іс - әрекет дағдысын қалыптастыру ерекше орын алып отыр. Екіншіден, өздігінен білім алуды дамыту жағдайында сөз жоқ, оқыту құралдарының рөлі артуда. Жас мамандарды даярлауда білім беру үдерісінде жинақталған қабілеттіліктер, дайындықтар, даралық қасиеттер, білімдердің үйлесімі сияқты категориялар есепке алынып отырады.

Сондықтан жоғары білім беру саласындағы ең маңызды мәселенің бірі – студенттерді болашақ мамандығына бейімдеп, кәсіптік біліктілігін арттыру, іскер де, бәсекеге қабілетті маман тұлғасында даярлау жұмыстары жүргізіледі. Адамгершілік - адамдардың күнделікті қарым- қатынасына қатысты ізгілік ұстанымдарын бейнелейтін моральдық қасиетті ұстану. Рухани-адамгершілік тәрбие арқылы студенттердің адамды сүюі, қадір-қасиетті құрметтеуі, дұрыс әрекет пен шыншылдық қасиеттері қалыптасады. Өмірге үйлесімді қарым- қатынас құру үшін оның тәрбиесі рақымдылыққа, сүйіспеншілікке негізделеді. Әлемдік өзгерістерге сай студенттердің жаңаша ойлау жүйесі қалыптастырылады. Біздің ұлттық болмысымыз - салт-дәстүріміз, мәдениетіміз, ұлттық құндылықтарымыз. Осы аумалы-төкпелі дүниеде аталмыш құндылықтарымызды заманға сай одан әрі байытып, дамытып, оны болашақ маманның санасы мен тұрмысына сіңіру арқылы жаңа ғасырдың жаңа тұлғасы қалыптастырылады. [2,9].

Білім – адамзат баласының қол жеткізген ұлы игіліктерінің бірі. Қоғамның ілгерілеуі білім мен тәрбиеге тәуелді. «Білімді болуға – оқу, бай болуға – кәсіп, күшті болуға – бірлік керек» деп Ахмет Байтұрсынов айтқан болатын. Білімді, тәрбиелі адамдар - адамзат дамуының негізгі қозғаушы күші. Психологтар маман даярлаудың негізгі аспектілерін студенттердің іс-әрекетке бейімділігімен байланыстырады. Социологтар оны жеке тұлғаның негізгі құндылығы есебінде атап көрсетеді. Оқыту үдерісіне қазіргі заман талабына сай технологиялар мен әдістемелерді енгізу, ғылым мен техника жетістіктерін пайдалану, этнопедагогиканың озық үлгілерін қайта жаңғыртып, қолдану, студенттер білімінің сапасын көтеру, болашақ мамандардың функцияналдық сауаттылығын көтерумен қатар тәрбие жұмысын жақсарту күн тәртібінен түспейтін мәселелерге айналды. Студенттерге білім берумен қатар түрлі шаралар өткізіледі. Игерген білімін одан әрі әлеуметтік бейімделуге ұластыруға қабілетті болу үшін Елбасы бастамасымен өмірге келген «Функционалдық сауаттылық бойынша ұлттық жоспар» басшылыққа алынады. Оның мақсаты – болашақ мамандардың функционалдық сауаттылығын дамыту мақсатымен Ұлттық жұмыс жоспарын іске асыру қажеттілігінен туындайды. [3,11].

«Бастауыш оқытудың педагогикасы және әдістемесі» мамандығына студенттер дайындауда жаңа технологияларды пайдалану арқылы оның ішінде сын тұрғысынан ойлауды дамыту бағдарламасын іске асыру барысында студенттерге терең білім беріліп, іздендіріп, болашақ білікті маман тұлғасы қалыптастырылады. «Мұғалім көшбасшылығы»– коучинг және тәлімгерлік (mentoring) өткізу, олардың көмегімен болашақ мұғалімдер оқытылады, оны игерту үшін оқытушылардың өздері арнайы курстардан, даярлықтан өтіп білімдерін көтеріп отырады. Осы бағытта 2016 жылдан бері 5В010200- Бастауыш оқыту педагогикасы және әдістемесі мамандығы бойынша «Бастауыш сыныпта жаңартылған білім берудің

негіздері» элективті пәні оқу жоспарына енгізілсе, 2017-2018 жылы отызға жуық мамандарды орта мектептерде оқыту үшін қайта даярлаудан өткізді. Университет қаладағы білім беру мазмұнының жаңарту шеңберінде пилоттық жобамен жұмыс жасап жатқан Новый орта мектебімен меморандумға отырып, болашақ бастауыш сынып мұғалімдері педагогикалық практикаларын осы мектепте, жалғастырды. Жас мамандарға Коучинг өткізу және Сындарлы оқыту теориясы меңгертілді. Оқытуда жанды білім, яғни өмірде іс барысында міндетті түрде қолданылатын білім беріледі. Коучинг пен тәлімгерлік бағдарламасында еркін ой бөлісу, мәселені әртүрлі жолмен шешу, сапалы сұрақтар қоя білу, тәрбиеленушіде өзіне деген сенімділікті ояту, іштей бәсекелестікке, алға ұмтылуға жетелеу іс-әрекеттері қамтылған. Сондықтан оқу барысында әрбір жас маман рефлексия арқылы пікір алмасады, түсініксіз мәселелерді бірлесіп шешеді. Бұл Коучинг пен тәлімгерлік бағдарламасы алғаш рет Оңтүстік Африкадағы Кэмпс Бей Хай жалпы орта мектебінде дүниеге келген екен. Тәжірибеден өту негізінде ЖОО-ында болашақ мамандарды даярлауда Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы ұсынған қорытындыны басшылыққа алып, жүргізілген зерттеулердің бағытында топтық жұмыстарға, өзіндік жұмыстарға және жеке жүргізілетін зерттеулерге ерекше мән беріледі. Сондықтан білім беру стратегиялары әрбір жас маманмен үнемі жеке кері байланыста болуы ескеріледі.

Жас мамандарды даярлауда практикалық тәжірибе нәтижесінде кәсіби іс-әрекет пен белгілі бір өмірлік жағдаяттардағы тиімді мінез-құлықтың мүмкіндіктер кешені жүзеге асырылады. Жас мамандарды даярлауда адамдармен өзара қарым-қатынас тәсілдерін білу, мемлекеттік тіл ретінде қазақ тілінде, халықаралық қатынаста шетел тілінде қатынас дағдылары болуы - коммуникативтік құзіреттілікті қалыптастыру, ізденіс жасау, талдай білу, өзгерте білу қабілеті дамытылады.[4,219].

Кафедрамыздың «Бастауыш оқытудың педагогикасы және әдістемесі» мамандығын даярлайтын 5 профессор-оқытушы бастауыш сынып пәндері бойынша арнайы педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курсынан өтіп келді. Әлемде болып жатқан қарқынды өзгерістер әлемдік білім беру жүйесін қайта қарауға себепші болуда. Кафедра доценті З.У.Адилышинова, магистрлер А. Әбіл, А. Ерболатова, В. Кубеева Алматы Евразия университетінде 5 апталық ағылшын тілін үйрену курсынан өтіп, өз білімдерін жас мамандар дайындауда пайдалануда. Жас мамандарды даярлауда олардың дайындық жүйесінде зерттеушілік білік пен дағдыны тереңдетіп зерделеу қамтамасыз етіледі. Бұл бағытта ҚРҒБМ БҒСБ (ККСОН) ұсынатын журналдардың Қоғамдық және гуманитарлық ғылымдар сериясында, «Scopus» және «Thomson Reuters» базаларында тіркелген қауымдастық профессор С.С.Сейтенованың жарияланған мақалалары студенттердің ғылыми – зерттеу

жұмыстарында пайдаланылады. Зерттеушілік әрекетті жобалау студенттердің болашақ мамандығы қызметіне бағдарлай дамытылатын әрекет ретінде танылатын шығармашылық үдеріс. Жас мамандарды оқыту барысында педагогикалық білімді практикада қолдана білу, педагогикалық зерттеулерге әдіснамалық сипаттама жасау біліктері қалыптастырылады.

Қорытындылай келгенде, қазіргі талаптан шыққан жас маман өзінің бар болмысымен адамзат проблемасын шешетін, жауапкершілігі мол, шығармашыл, жаңаша ойлай білетін, мәдениетті педагог болмақ. Болашақтың бүгінгіден де нұрлы болуына ықпал етіп, адамзат қоғамын алға апаратын күш тек білімде ғана. Қай елдің болмасын өсіп-өркендеуі, өркениетті дүниеде өзіндік орын алуы ұлттық білім жүйесінің деңгейіне, адами капиталдың даму бағытына байланысты. Біздің ғылым саласындағы жетістіктеріміз молая бермек.

### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі**

1. Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2016 - 2019 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасы. -Астана, 2016.
2. Қазақстан Республикасы мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты. Негізгі ереже. –Астана. - 2008. - 40 б.
- 3.Бөлеев Қ. Қазақстан Республикасының білім беру жүйесінде жеке тұлғаға ұлттық тәрбие берудің кешенді бағдарламасы. –А, 2012. – 142 б.
4. Барсай Б.Т. Бастауыш сынып мұғалімдерінің кәсіби-дидактикалық құзыреттілігін қалыптастырудың әдіснамасы, теориясы және технологиясы (монография). -Алматы, «Әрекет-Принт», 2009. -306 б.

**ҒТАМР 14.25.07**

## **БАСТАУЫШ МЕКТЕПТЕ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ӨЗ БЕТІНШЕ ЖҰМЫС ЖАСАУ ДАҒДЫЛАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ**

**Г.Е. КОНАКБАЕВА, М.С. АРЫСОВА**

*№8 орта мектеп, Ақтөбе, Қазақстан*

**Аңдатпа.** Инновациялық технологиялар – қазіргі таңдағы оқу процесінің маңызды бөлігі, білімнің жаңа парадигмасына сай – оқушыларды өз бетінше білім алуға қалыптастырады. Өз бетінше жұмыстың барысында оқушының берілген тапсырманы мұғалімнің көмегінсіз орындау сатысында ғылыми ой қалыптасады. Тапсырманы орындауда жақсы нәтижеге жету үшін, мұғалім оқушының іскерлік дағдысын, бақылау, білу қабілетін, ойлауын есепті шешу жолдарын дұрыс таңдай білуін байқап көреді. Егер тапсырманы орындауда

кателер жіберілсе, онда мұғалім сол қателерді оқушылардың өздері жөндеуіне мүмкіндік беріп, оқушының шағын ғылыми жетекшісі міндетін атқарады

**Түйін сөздер:** инновациялық технология, оқушы, өз бетінше жұмыс, ғылыми ой.

**Аннотация.** Инновационные технологии - важная часть современного учебного процесса - соответствуют новой парадигме знаний - формируют учеников для самообразования. На этапе самореализации научная идея формируется на этапе школьного задания без помощи учителя. Чтобы достичь наилучшего результата для этой задачи, учитель обнаружил, что школьник имеет возможность выбирать бизнес-навыки, контроль, способность мыслить и решать, как решать проблемы. Если в задаче будут допущены ошибки, учитель будет небольшим академическим руководителем ученика, позволяющим им исправить эти ошибки самим.

**Ключевые слова:** инновационная технология, ученик, самостоятельная работа, научная мысль.

**Annotation.** Innovative technologies - an important part of the modern educational process - correspond to a new paradigm of knowledge - they form pupils for self-education. At the stage of self-realization the scientific idea is formed at the stage of the school assignment without the help of the teacher. To achieve the best result for this task, the teacher found that the student has the opportunity to choose business skills, control, the ability to think and decide how to solve problems. If mistakes are made in the task, the teacher will be a small academic leader of the student, allowing them to correct these errors by themselves.

**Key words:** innovative technology, student, independent work, scientific thought.

Қазіргі уақытта мемлекеттің әлемнің озық отыз елінің қатарына кіруге бетбұрысы жағдайында бәсекеге қабілетті қоғам құру – оның басты талабына айналып отыр. Осы қоғамды дамытудың маңызды субъектілерінің бірі болып өсіп келе жатырған ұрпақ саналатындығы мәлім. Сол себепті республиканың білім беру жүйесінің әлемдік білім кеңістігінің алдыңғы қатарына енуі барысында бәсекеге қабілетті мамандарды бастауыш сатыдан бастап даярлаудың қажеттілігі арта түсуде [1].

Елбасы Н. Назарбаевтің 2015 жылғы 30 қарашадағы Халыққы Жолдауындағы «Индустрияландыру және экономикалық өсім» 3-реформасы елу сатылы өлшемді қамтыған. Аталып отырған реформада адам капиталы сапасы мен 12 жылдық білім берудің кезеңдік енгізілуі, табысты мектептерді ынталандыру; 10 алдыңғы қатарлы колледж бен 10 ЖОО-да білікті кадр даярлау; «Назарбаев Университет» тәжірибесімен ЖОО-ының академиялық және басқарушылық дербестігін кезең-кезеңмен кеңейту; білім беруде жоғары сынып пен ЖОО-да ағылшын тілінде оқытудың кезеңдік жүйесі өлшемдік қағидаттарының да ұмыт қалмауы көңілді жадыратады. Мұнда педагогтар мен ғалымдар үшін маңыздысы оқу, оқыту, ғылыми кадр, ағартушылық, ғылыми жұмыс құзыреттіліктерінің артуы болып табылады. Сондықтан, педагогтар мен ғалымдар бұл қадамдарды іске асыруда білгірліктері мен іскерліктерін барынша танытуға кіріседі де, білімдік, ғылымдық аяда құзыреттіліктерін жүргізе алады.

Осы тұрғыдан «жылдам өзгеріп отыратын жағдайларда алынған терең білімді кәсіби дағдылардың негізінде еркін бағдарлай білуге, өзін-өзі іске асыруға, өзін-өзі дамытуға және жеке адамгершілік тұрғысынан жауапты шешімдер қабылдауға қабілетті жеке тұлғаны қалыптастыру» Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында да жоғары білім берудің мақсаты тұрғысынан белгіленген болатын [2].

Сол себептен қазіргі таңда білім берудің жаңа парадигмасына сай, өз бетімен білімді таба алатын, өз бетімен жұмыс жасай алатын тұлғаны тәрбиелеу қажеттілігі туындап тұр. Берген білімді қайта қайталау оқушыда білімнің қысқа мерзімділігін дамытады, ал алған білімді тәжірибеде пайдалануға келсек, бұл жағдайда, білімді пайдалана білуді дамыту қажет.

Ендеше, осы бастауыш сыныптардан бастап, оқушылардың өз бетінше жұмыс істей білу іскерліктері де қалыптасуы тиіс. Бұл ғылыми ойлауды арттырып. Атап айтсақ: жаңа ұғымды, заңдылықты ережені түсініп, тұжырымдау есепті талдап, шығара білу, жаңадан өтілген ұғым бойынша өздігінен ой қорыта білу, өзінің оқу іс-әрекетіне бақылау жасай білу, т.б. Осындай іскерліктерді қалыптастыру-оқу барысында мақсатты түрде ұйымдастырылған жұмыстар және жаттығулар жүйесі арқылы жүзеге асырылады.

Өз бетінше жұмыстың барысында оқушының берілген тапсырманы мұғалімнің көмегінсіз орындау сатысында ғылыми ой қалыптасады. Тапсырманы орындауда жақсы нәтижеге жету үшін, мұғалім оқушының іскерлік дағдысын, бақылау, білу қабілетін, ойлауын есепті шешу жолдарын дұрыс таңдай білуін байқап көреді. Егер тапсырманы орындауда қателер жіберілсе, онда мұғалім сол қателерді оқушылардың өздері жөндеуіне мүмкіндік беріп, оқушының шағын ғылыми жетекшісі міндетін атқарады [3].

Ғылыми-шығармашылық ой қалыптасу үшін, баланың ақыл ой еңбегі белсенді әрекет болуға тиісті. Ол оқушының жалпы психикалық даму ерекшеліктеріне байланысты болады. Атап өтсек, баланың ақыл-ой әрекеті, оның қажеттері мен қызығулары, сезім мен ерік сияқты т.б. Оқушының өздігінен оқуы тиісті болуы үшін ақыл-ой еңбегінің дағдыларын қалыптастыру керек. Баланың ақыл ой-еңбегін белгілі бір жүйемен жасауға, оның жалпы мәдениетін арттырып отыруға көңіл аударған жөн. Ең алдымен баланың өз жұмысының мақсат-міндеттерін анықтауға үйрету керек. Ең алдымен баланың өз жұмысын (тапсырмасын) не үшін, қандай мақсатпен жасау керектігін, ол қандай жаңа нәтиже беретінін білсе, онда оқушы әрекетінің саналылығы артады. Оқу жұмысының мақсат-міндеттеріне сай баланы өз бетімен жұмысын жоспарлай білуге, уақытты дұрыс пайдалануға. Өз әрекетін қадағалауға, бағалауға, қысқаша айтқанда, өзін-өзі басқаруға дағдыландырудың маңызы зор [4].


Өз бетінше жұмыс жасауды арттыруды білім алушының іс-әрекеттеріне талдау жасау, досының және өзінің мүмкіндіктерін салыстыру да үлкен рөл атқарады. Осы көрсеткіштердің болуы бірлескен іс-әрекетте өзін өзін табуға, көкейкестендіруге мүмкіндік беріп, қабілеттерін пайдалануға жол береді. Өз сыныптастарымен бірлескен әрекет және осы үрдісті үлкен кісі бақылап түрі өте табысты әрекет болып саналады [5].

Қарастырылып жатырған мәселенің дидактикалық аспектілерін қарастыра отырып, білім алушыларға тек білімдерді бере қоймай, сол білімді таба алуды дағдыларын қалыптастыру қажет. Себебі өз бетімен жеткен, өз бетімен табылған білім – білім алуда, өсуде өте үлкен стимул болып келеді. Сондықтан да, өз бетінше білім алуда инновациялық технологияларды қолдануды негізгі шарты – тұлға қасиеттерін дамытатын ортаны қалыптастыру, себебі класс – жоғары жетістіктерге, уәждемеге жетудің ең маңызды бөлігі

Бастауыш сыныптағы өз бетінше білім алу үшін негізгі дағдыларды атап өтейік:

1. Жалпыоқу дағдылар (сұраққа жауап табу, оқыған материалдың жоспарын құрастыру, іс-әрекетті бақылау).
2. Жалпылогикалық дағдылар (маңыздыны бөліп шығару, салыстыру, дәлелдеу, қорытынды жасау, сұрақ қою).
3. Арнайы дағдылар (тапсырманы орындау, шығарма жазу, есеп шығару.).
4. Коммуникативті дағдылар (мұғаліммен диалог жүргізу, достарымен, бірлескен іс-әрекетке қатысу).

Осы әрекеттердің жалпы қалыптасуы алдағы уақытта өз бетімен жұмысты дамытуға ықпал етеді. Сондықтан да инновациялық технологиялар арқылы әр дағдыны қалыптастыру қажет (Сурет 1) [6].



Сурет 1 – Бастауыш сынып оқушыларының негізгі дағдыларын қалыптастыру

Оқытудың жаңа технологиясы дегенде, ең алдымен педагогикалық технология деген ұғымды түсіну керек. Оқыту технологиясы-оқу бағдарламаларында қарастырылған алға қойған мақсатқа жетудің тиімділігін қамтамасыз ететін оқытудың әдіс, құрал және түрлерінің жүйесі арқылы оқыту мазмұнын жүзеге асыру жолы [7]. Сөйтіп, оқыту технологиясында мазмұн, әдіс және құралдардың өзара байланысы мен себептілігі жатыр, ал қажетті мазмұнды педагогикалық міндетке сәйкес іріктей білу мұғалімнің педагогикалық шеберлігіне байланысты. Педагогикалық технология-оқушылардың жеке басын дамыту мен білім беру мақсатына жету жолындағы педагогикалық қызметтің, іс-әрекеттің жүйелі дамып отыратын жобасы. Өзіндік жұмысты ұйымдастырудың негізгі шарттары мыналар: мұғалімнің басқаруымен оқушылардың дербестілігінің өзара байланысы, олардың жұмысты өз еркімен және қолдарымен істеуі, және оған әсер ететін мативтер және т.б. Дәлірек, айтқанда, мұғалім сабаққа дайындалғанда өзінің әрекетін ойластырумен шектелмей, денгейіне қарай оқушының әрекетіне мән беруі тиіс. Уақытты тиімді пайдаланып, оқушының өз бетімен тапсырманы орындауына ұдайы жағдай жасалуы қажет [8].

Оқу әрекеті барысында оқушылардың өз бетімен тапсырманы орындау дағдыларын қалыптастыруға болады.

–Оқушылардың өзіндік жұмысы туралы түсінік беру:

–Оқушылардың өз бетімен тапсырманы орындау әдістемесімен таныстыру.

Оқушылардың өзіндік жұмыстарының ұйымдастырылуы – баланың жеке басын дамытудың басты кепілі. Ол үшін мұғалім мына қағидаларды есінде ұстауы қажет:

Ал коммуникативті, жалпылогикалық қабілеттерді қалыптастыру үшін интерактивті әдістер үлкен рөл атқарады. Интерактивті оқыту – көпқырлы құбылыс. Интерактивті оқыту екі жақтың – мұғалімнің және оқушылардың белсенділігін қажет етеді. Интерактивті оқыту барысында мұғалім оқушылармен үнемі байланыста болады [9].

Мысалы, оқушыларды топқа бөліп, топпен әр түрлі тапсырмаларды орындау, оларды бірлескен әрекетке әкеледі, коммуникативті құзырлылықтарын қалыптастырады. Білім алушы білімін басқалардың білгенімен толықтырады, жаңа тәсілдерді меңгереді, өзінің қабілетін анықтайды. Бастауыш сынып оқушыларының арасындағы бірдей белсенділік жағдайында өтетін мұндай білім алу процесі бір мезгілде бірнеше міндетті шеше алады: танымдық, коммуникативтік, дамытушылық, интеллектуалдық, сонымен бірге ең бастысы білімді әлеуметтендіру, демократиялау, гумандандыру. Бұл қазір құзырлылық деп аталып жүрген жаңа басымдылықтар. оқыту – тәрбиелеу үрдісіндегі қолданылатын интерактивті амалдар жиынтығы (интерактивті тақта, электронды оқулық және т.б.) оқу процесін жеңілдетіп және сапасы мен жылдамдылығын арттырады.



Инновациялық технологиялар – қазіргі таңдағы оқу процесінің маңызды бөлігі, білімнің жаңа парадигмасына сай – оқушыларды өз бетінше білім алуға қалыптастырады. Бұл жағдайда классикалық әдістердің тиімділігі жоғары болмау мүмкін, себебі классикалық әдістер арқылы оқушылар дайын білімді тек ала алады, бірақ сол дайын білімді өңдей алмайды. Инновациялық технологиялардың бастауыш сыныптағы маңызы – оқушыларда негізгі дағдыларды қалыптастыра отырып, білімді пайдалануға үйретеді, өз бетінше жұмыс жасауды арттырады.

### Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасының президенті Н.Ә. Назарбаевтың Ұлт жоспары «100 нақты қадам» бағдарламасы. - 2015, мамыр 20: <http://kazgazeta.kz>.
2. Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы. – 2008, тамыз 12: <http://online.zakon.kz>
3. Махмудов М.И. “Мектепте проблемалық оқытуды ұйымдастыру”. Алматы мектеп 1981ж. – 247 б.
4. Аллаяров И.А. “Оқу белсенділігінің дидактикалық негіздері”. Мектеп, 1988. – 48 б.
5. Сабыров Т. “Оқушылардың оқу белсенділігін арттыру жолдары”. - Алматы. Мектеп. 1978. -110 б.
6. Сабыров Т. “Оқыту теориясының негіздері”. - Алматы. Республикалық кабинеті. 1993. 59-77-бет.
7. Гаджиева Ф.Г. Формирование положительного отношения к учению у младших школьников в самообразовательной деятельности: Дис. канд. пед. наук: 13.00.01: Махачкала, 2004, 187 с.
8. Кувиго Т.М. Воспитание у младших школьников самостоятельности как черты личности Текст.: автореф. дис. на соиск. уч. ст. канд. пед. наук / Т.М. Кувиго. Тбилиси, 1978. – 21. С. 14
9. Кропанева Г.А. Учебно-исследовательская деятельность школьников как технология развивающего образования // Исследовательская работа школьников. — 2002. — № 1. — С. 118-126.

**ӨНЕР, МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ СПОРТ**  
**ИСКУССТВО, КУЛЬТУРА И СПОРТ**  
**ART, CULTURE AND SPORT**

МРНТИ 77.01.85

796.011.3

**ЭФФЕКТИВНОСТЬ ВНЕДРЕНИЯ СПЕЦКУРСА**  
**«ИСПОЛЬЗОВАНИЕ ЭЛЕКТРОННОГО УЧЕБНОГО ПОСОБИЯ**  
**«ФИЗИЧЕСКОЕ ВОСПИТАНИЕ В ВУЗЕ»**

**Т.А. БОТАГАРИЕВ, С.С. КУБИЕВА**

*Актюбинский региональный государственный университет им. К. Жубанова,  
Актобе, Казахстан*

**Андатпа.** Зерттеу тақырыбының өзектілігі келесімен сипатталады. Әрбір маман мектептегі материалды тиімді оқыту үшін ақпараттық технологияларды білу қажет. Зерттеудің мәселесі мектеп бағдарламасының оқыту әдістемесінде студенттермен ақпараттық технологияларды қолдану және бұл процесті іске асыруға олардың тиісті емес дайындығының қарама қайшылықтарына сүйенеді. Зерттеудің мақсаты – «жөғары оқу орнында дене тәрбиесі» атты электрондық оқу құралың қолдануды қамтитың арнайы курсты енгізу тиімділігің ғылыми негіздеу. Зерттеу әдістері: ғылыми-әдістемелік әдебиетті, құжаттарды талдау, математикалық статистиканың әдістері, эксперттік бағалау, педагогикалық эксперимент.

Негізгі нәтижелер: Мектеп бағдарламасының бөлімдеріне байланысты электрондық оқу құралының бөлімдері анықталған; студенттермен жеңіл атлетиканы оқытудың деңгейі анықталды; педагогикалық экспериментті өткізу арқылы арнайы курсы енгізудің тиімділігі негізделінді.

**Түйін сөздер:** арнайы курс, университеттегі дене шынықтыру, студенттер

**Аннотация.** *Актуальность темы исследования* связана со следующим. Специалисту необходимо владеть информационными технологиями, позволяющими эффективно преподавать школьный материал по физической культуре. Проблема исследования состоит в противоречии между применением студентами в методике преподавания разделов школьной программы информационных технологий и недостаточной их подготовленностью для реализации этого процесса. Цель исследования – научно обосновать эффективность внедрения спецкурса, связанного с применением электронного учебного пособия «физическое воспитание в вузе». Методы исследования: анализ научно-методической литературы, анализ документальных материалов, методы математической статистики, экспертной оценки, педагогический эксперимент. Основные результаты: в соответствии с разделами школьной программы обозначены отделы электронного учебного пособия; выявлен уровень преподавания студентами занятия по легкой атлетике; посредством педагогического эксперимента обоснована эффективность внедрения спецкурса.

**Ключевые слова:** спецкурс, физическое воспитание в вузе, студенты.

**Annotation.** The relevance of the research topic was attributable to. The specialist need own the information technologies that will allow him to effectively teach the school material on physical culture. The research problem is the contradiction between the students' application in the teaching methodologyat content in school curriculum for

information technologies and their inadequate preparedness for the implementation of this process. The purpose of the research was scientific basis effectiveintroducing a special course related to the use of the electronic educational aid "physical education at the university". Research methods: analysis of scientific -methodological literature, analysis of documentary materials, methods of mathematical statistics, peer review, pedagogical experiment. Main results: in accordance with the contentin school curriculum and the departments of the electronic textbook are designated; the level of studentsteaching in track and field athletics has been revealed; through the pedagogical experiment the effectiveness of introducing a special course is justified.

**Key words:** special course, physical education at the university, students.

**Введение.** *Актуальность темы исследования* связана со следующими причинами. На сегодняшний день информационные технологии все шире внедряются в учебный процесс вуза. Для преподавателя вуза важно научить студента применять их при обучении программному материалу.

Анализ отечественной литературы показал, что исследования ученых проведены по следующим направлениям. *Перспективные направления информационных технологий:* а) «...создание и использование программ контроля знаний по разделам физической культуры; обучающих мультимедиа-систем; баз данных...» [4].

*Разработка компьютерных программ.* Авторами разработаны: а) «...программа «Грация», состоящая из 4-х блоков: «информационный», «физическое развитие», «физическая подготовленность...» [8, с.15]; б) «...многофункциональное предметно-ориентированное учебно-информационного средство. Оно оказывает влияние на уже существующие функциональные связи между преподавателем и обучаемым, преподавателем и учебным материалом ....» [1, с. 11].

*Разработка электронных учебных пособий.* Специалистами разработаны: а) «электронное учебное пособие «Волейбол», состоящее из двух частей (презентационная составляющая - основная информационная часть учебника; презентация по волейболу «история волейбола», «Изучение и совершенствование техники волейбола»)... » [3]; б) «...электронное учебное пособие по предмету «Спортивная метрология» с реализацией информационного пространства; учета методических, дидактических требований...» [ 6, с.14]. .

*Подготовка будущих специалистов по физической культуре к использованию информационных компьютерных технологий.* Специалисты реализовали: а) «...эксперимент, суть которого состояла в сравнении двух разных вариантов обучения (по традиционной методике и с использованием автоматизированного учебного курса в рамках программы «КАДИС»)... ». [4].

Среди зарубежных ученых исследования были проведены по следующим аспектам. *Применение активных видеоигр в физическом воспитании школьников.* Специалисты предлагают внедрение интерактивных видеоигр «эксергеймз» (это особый вид компьютерных игр, инновационная составляющая которых – физическая активность, при чем электроника фиксирует реальные движения игрока и реагирует на них) [11].

*Использование мультимедийных технологий в учебном процессе школьников.* Авторы предлагают: а) «...применение интеллектуального класса и мультимедиа в анализе преподавания физического воспитания и боевых искусств с помощью метода учебного эксперимента...» [12,с.1676 ]; б) «...технологии, направленные на проблему видео, такие как анализ и обработка мультимедиа, симуляционная классификация компьютерного и компьютерного зрения и т.п. ...» [13, с.422 ];

*Проблема исследования заключается в противоречии между необходимостью использования студентами специальности «физкультура и спорт» электронных обучающих средств при обучении учащихся общеобразовательной школы программному материалу и недостаточным научно-методическим обоснованием этого процесса в вузе.*

Гипотеза исследования. Предполагалось, что внедрение в учебный процесс специальности «физическая культура и спорт» спецкурса «использование электронного учебного пособия «физическое воспитание в вузе» позволит добиться улучшения уровня методики преподавания занятия по легкой атлетике, а также уровня ключевых компетенций студентов (разрешения проблем, коммуникативной и информационной).

**Цель исследования** – экспериментально обосновать эффективность внедрения в учебный процесс специальности «физическая культура и спорт» спецкурса «использование электронного учебного пособия «физическое воспитание в вузе».

**Задачи исследования:** 1. Изучить взаимосвязь разделов школьной программы по предмету «физическая культура» с разделами электронного учебного пособия «физическое воспитание в вузе». 2. Разработать спецкурс «использование электронного учебного пособия «физическое воспитание в вузе». 3. Определить критерии эффективности внедрения спецкурса. 4. Провести педагогический эксперимент по реализации спецкурса и обосновать его эффективность.

#### Методы

Для решения задач использовались следующие методы исследования. Анализ научно-методической литературы проводился для выявления мнений специалистов о рассматриваемой проблеме. С помощью анализа документальных материалов изучались разделы школьной программы по предмету «физическая культура» [10]. Метод экспертной оценки применялся для определения уровня преподавания студентами разделов школьной

программы по предмету «физическая культура». Для выявления согласованности мнений экспертов вычислялся коэффициент конкордации [9]. Определение владения студентами компетенций (разрешения проблем, коммуникативной и информационной) реализовывалось по трем уровням [7]. Педагогический эксперимент был использован с целью оценки эффективности внедрения спецкурса в учебный процесс. Реализовывался последовательный тип эксперимента [5]. Он был проведен на базе Актюбинского регионального государственного университета им.К.Жубанова в период с января по февраль 2018 года со студентами 4 курса специальности «физическая культура и спорт» в количестве 36 человек (18 – контрольная, 18 - экспериментальная).

**Результаты.** Нами разработано электронное учебное пособие «физическое воспитание в вузе» [2]. Взаимосвязь содержания планирования программного материала по предмету «Физическая культура» со структурой и содержанием электронного учебного пособия характеризовалась следующим. Для истории олимпийских игр по школьной программе мы разработали дополнительные материалы по истории Олимпийских игр; для бега на короткие дистанции (низкий старт) - Модуль «Спринт» (лекционный, практический материал, тесты); для бега на средние и длинные дистанции - модуль «Бег на средние и длинные дистанции»; для прыжка в длину с разбега - модуль «Прыжок в длину с разбега»; для баскетбола - Модуль «Баскетбол»; для волейбола - модуль «Волейбол»; для гимнастики - модуль «Гимнастика».

В таблице 1 представлено содержание спецкурса «использование электронного учебного пособия «физическое воспитание в вузе»»

Таблица 1. Тематическое содержание спецкурса «использование электронного учебного пособия «физическое воспитание в вузе»»

№ п/п	Темы занятий	Количество часов		
		лекции	практические	Всего
1	Особенности применения информационных технологий в вузе	4	2	3
2	Теоретические аспекты разработки электронных учебных пособий на современном этапе	3	2	3
3	Теоретические аспекты использования электронных учебных пособий в практике физического и спорта	3	1	3
4	Методика преподавания спринта посредством электронного учебника	4	2	3

5	Методика преподавания бега на средние и длинные дистанции посредством электронного учебника	3	2	3
6	Методика преподавания прыжка в длину с разбега посредством электронного учебника	3	2	3
7	Методика преподавания баскетбола посредством электронного учебника	5	2	2
8	Методика преподавания волейбола посредством электронного учебника	5	2	2
	Всего	30	15	24

Как видно из таблицы 1 спецкурс состоит из 30 лекционных, 15 практических и 24 часов самостоятельной работы студента под руководством преподавателя. В нем предусматривается дача теоретических сведений по информационным технологиям, в том числе в области физической культуры и спорта, а также обучение студентов методике преподавания основных разделов школьной программы по физической культуре с помощью электронного учебного пособия.

Критериями эффективности реализации спецкурса явились динамика уровня преподавания студентами материала «спринт» из школьной программы и компетенций студентов (разрешения проблем, коммуникативной и информационной).

В ходе педагогического эксперимента у студентов проверялись исходные знания по информатике, избранному виду спорта (легкой атлетике, баскетболу, волейболу, гимнастике).

Работа с электронным учебным пособием реализовывалась следующим образом. Студент отыскивает модуль «спринт» и находит «низкий старт». Здесь дается описание техники низкого старта. Изучив теорию, студент отыскивает пункт «практические занятия», где представлены рисунки и техника по выполнению данного приема. При изучении их у студентов складываются зрительные ощущения по выполнению образа, «проекта» выполнения этого приема.

На практических занятиях студенты проводили занятие по легкой атлетике на тему «обучение низкому старту». Студенты были разделены по парам. При этом от них требовалась реализация следующих элементов: а) устное изложение техники низкого старта; б) показ техники; в) анализ одним из студентов деятельности своего напарника. Потом они менялись местами.

В конце занятия эксперты оценивали уровень преподавания студентами занятия. В таблице 2 представлена динамика уровня преподавания студентами занятия по легкой атлетике в ходе педагогического эксперимента.

Таблица 2 Динамика уровня преподавания студентами занятия по легкой атлетике в ходе педагогического эксперимента

Показатель	До эксперимента			После эксперимента			Прирост, %	t	p
	X	S	m	X	S	m			
Оценка за преподавание	3,9	0,12	0,03	4,9	0,08	0,02	25,6	25	<0,01

Как видно из таблицы 2 после эксперимента, оценка за преподавание занятия увеличилась с 3,9 до 4,9 баллов. Коэффициент конкордации составил 0,72.

В таблице 3 представлена динамика уровня компетенций студентов в ходе педагогического эксперимента

Таблица 3. Динамика уровня компетенций студентов в ходе педагогического эксперимента (%)

Ключевые Компетенции	До эксперимента			После эксперимента		
	1уровень	2 уровень	3уровень	1уровень	2уровень	3уровень
Решение Проблем	54,4	42,6	5	23,8	62,8	13,4
Информационная	65,2	25,9	8,9	28,9	54,4	16,7
Коммуникативная	60,1	34	5,9	35,7	51,4	12,9

Как видно из таблицы 3 после эксперимента у студентов повысился уровень их компетенций. Так, по решению проблем на 3 уровне (т.е. когда студент сам формулирует проблему) от 5 до 13,4 %. По информационной компетентности на 3 уровне (т.е. когда студент сопоставляет, правильно ли он нашел информацию в соответствии с поставленной двигательной задачей) от 8,9 до 16,7 %. По коммуникативной компетентности (т.е. когда студент представляет результаты обработки информации в письменном продукте нерегламентированной формы) от 5,9 до 12,9 %.

**Дискуссия.** В результате исследования нами получены данные, которые соответствуют выработанной нами гипотезе исследования, а именно то, что у студентов улучшился уровень методики преподавания занятия по легкой атлетике, а также уровень ключевых компетенций студентов. В работе получен основной результат, это обоснование эффективности внедрения электронного учебного процесса в учебный процесс. Аналогичное исследование проведено С.В.Гурьевым, где «...суть эксперимента состояла в сравнении двух разных вариантов обучения (по традиционной методике и с использованием автоматизированного учебного курса в рамках программы «КАДИС»)» [4]. Отличие наших данных от ранее проведенных исследований заключается в том, что в нашем случае тип эксперимента был последовательный, а не параллельный, как в раннем исследовании.

Результаты данного исследования могут быть использованы в практике работы преподавателей физической культуры вузов, колледжей и общеобразовательной школы в направлении использования электронного учебного пособия для обучения разделам программы по физической культуре. В перспективе необходимо разработать добавление в имеющееся электронное учебное пособие, связанное с регистрацией видео и проговаривания техники двигательного действия студента, учащегося. Это позволит в срочном режиме видеть ошибки и работать над их исправлением.

### **Заключение.**

1. Определены основные разделы школьной программы, которые необходимо предусмотреть в электронном учебном пособии.

2. В разработанном спецкурсе предусмотрены как теоретические аспекты информационных технологий в области физической культуры, так и элементы методики обучения основным видам программного материала с помощью электронного пособия.

3. Позитивные сдвиги у студентов в оценках по методике преподавания занятия по легкой атлетике и уровне сформированности ключевых компетенций обосновывают эффективность внедрения спецкурса.



### Список использованной литературы

- 1 Бауров В.И. Информационные технологии в системе олимпийского образования студенческой молодежи: автореф... канд.. пед. наук: 13.00.04. – Москва.– 2004. – 24 с.
- 2 Ботагариев Т.А., Кубиева С.С., Курмангалиев Е.К., Мурунчаева Г.Ж. Электронный учебник «Физическое воспитание в вузе» // Актыбинский государственный педагогический институт.–2011. Свидетельство о государственной регистрации на объект авторского права № 756 от 11 июня 2012 г.
- 3 Вернигорова Г.Г. Использование информационных технологий в физическом воспитании школьников//Социальная сеть работников образования. – nsportal.ru
- 4 Гурьев С.В. Подготовка будущих специалистов по физической культуре к использованию информационных компьютерных технологий в профессиональной деятельности//RusEdu. Информационные технологии в образовании. – Опубликовано 2007-09-13-01: 40:56
- 5 Железняк Ю.Д., Петров П.К. Основы научно-методической деятельности в физической культуре и спорте: учебное пособие для студ.высш.учеб.заведений. – М.: Изд.центр «Академия», 2002. – 264 с.
